



● «ҚАЗАҚСТАН – 2050»: БОЛАШАҚҚА БАҒДАР



Қазақстандық ноу-хау — электромобильдер нарыққа шықпақ



Нұрболат
МЕШІТБАЕВ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан – 2050 Стратегиясында» белгіленген айқын бағдарлары соңғы онжылдықтардағы міндеттер мен принциптерді анықтауға мүмкіндік береді. 2050

жылы еліміз әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі тиіс. Елбасы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей, көпұлтты және көпконфессиялы қоғам табысының негізін жаңа қазақстандық патриотизм қамтамасыз етеді. Бұл болашақ ұрпаққа арналған бағыт, бағдар екендігі бесенеден белгілі.

Соның негізінде еліміз қазір тұрақты даму жолына бағыт алды, ел экономикасы көтеріліп, халықтың әл-ауқаты жақсарды.



СУРЕТТЕ: машина құрастырушы шеберлер.
Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

● ЖӘДІГЕР

«Ұлттық музейге сый тарту»

Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ

Қазақстанның әр қаласында өтіп келе жатқан республикалық акция аясында халқымыздың саяси-әлеуметтік және рухани-мәдени өміріне өлшеусіз үлес қосқан танымал тұлғалардың ұрпақтары көздің қарашығындай сақтап келген дүниелерді музей қорына тапсыруда. Шара Қостанайда да жалғасты.

Барлық сый-тартулар құжат бойынша ресми рәсімделіп, келісім-шарт негізінде Ұлттық музейдің қорына өткізілді.

Желтоқсан айына дейін жалғасатын акцияны сый-тартулар көрмесі қорытындылайды.
— Қоғамда музейдің алатын

рөлі ерекше. Музей – кешегі тарих, бүгінгі ғылыми-зерттеу орталығы, ертеңгі – болашақ. Қазақстанда музейлердің дамуына қандай көңіл бөлініп жатқанын өздеріңіз жақсы білесіздер. Мен басқаратын Ұлттық музей қазіргі таңда Орталық Азиядағы ең үлкен музейлердің бірі болып есептеледі.

Суретті түсірген
Бағдат АХМЕТБЕКОВ.



«Ұлттық музейге сый тарту»



1-бет. Біз сөзден іске көшіп, Ұлттық музейдің қорын толықтыру арқылы тарихымызды түгендеуде нақты нәтижеге қол жеткізуіміз керек. Акция осы мақсатта ұйымдастырылып отыр. Жұрттың сандығы мен шкафында, шатыры мен жертөлесінде әлі ашылмаған, ғылыми айналымға түспеген небір құнды жәдігерлер тұр. Оны «бабамның бабасының көзі» деп, ешкімге айтпай, көрсетпей ұстау арқылы сақтаймыз деп ойлайды. Кез келген зат биологиялық өзгерістердің салдарынан жылдан-жылға жойыла береді. Жәдігердің бүтін қалпын тек бірнеше ұрпағы ғана көруі мүмкін. Әркім өз отбасындағы қадірлі бұйым туралы ойланып көрсінші, соның көбі жоғалған, жойылған немесе қолды болған. Сондықтан кез келген мұра музейде сақталуы керек, – деді Ұлттық музей директоры Дархан Мыңбай.

Дархан Қамзабекұлы қазан айында Қостанайға «Алтын адам» келетінін жеткізді. Әрине, астықты аймақ халқы үшін бұл ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай тамаша сыйлық болары сөзсіз.

Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының басшысы Ерлан Қалмақов жиында сөйлеген сөзінде Ұлттық музейдің мәртебесі қордағы экспонаттардың құндылығымен, сиректігімен ерекшеленетіндігін атап көрсетіп, жұртты бұл шараға бір кісідей атсалысуға шақырды.

Музейге тапсырылған зат ауа, ылғал, шаң-тозаң, күннің көзі, электр жарығы секілді шіруге, бүлінуге, жойылуға ықпал ететін құбылыстардың бәрінен сақтандырылады. Осылайша, арнайы күтімдегі жәдігер ұрпақтан ұрпаққа жетеді.

Акция барысында Қостанайдан барлығы 198 экспонат өткізді. Олардың арасында академик Манаш Қозыбаевтың, атақты механизатор Кәмшат Дөненбаеваның тұтынған бұйымдары, ақын Мәриям Хәкімжанованың қаламсабы мен кітабы, Халық ақыны Әсия Беркенованың домбырасы Ұлттық музейдің төрінде тұратын болды.

Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Жолақы қымбаттауы мүмкін

**Қарлығаш
ОСПАНОВА**

Қостанай қалалық әкімдігінің бас инспекторы С.Жанділдиннің айтуынша, қаламыздағы көлік тасымалымен айналысатын мекемелер жолақыны 80 теңгеге көтеру туралы өтініш түсірген.

– Соңғы рет аймақта жолақы тарифі 2013 жылы көтерілген екен. Ал, көлік тасымалымен айналысатын мекеме басшыларының сөзінше, үш жыл ішінде жанар май мен қосалқы бөлшектердің бағасы екі есеге дейін өскен. Оған қоса барлық коммуналдық қызметтердің тарифі де қымбаттады. Сондықтан да жүргізушілер жолақыны өсіруді сұрап отыр. Олардың өтініштері қазір қаралып жатыр, – дейді С.Жанділдин.



Қазақстандық ноу-хау — электромобильдер нарыққа шықпақ

1-бет. Ұлттығымыздың ұлы шаңырағы – Астананың қарыштап дамып, өркендеуі Қазақстанның мәртебесін қазір асқақтатып отыр. Елорда – ел өркендеуінің негізі екендігі сөзсіз. Саяси тұрақтылықтың, экономикалық өрістеудің орталығына айналды.

Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың жүргізіп отырған сындарлы саясатының арқасында Қазақстан күннен-күнге өмірдің барлық саласы бойынша жедел даму үстінде. Әсіресе, машина құрастыру, автоөндірісі қызу қарқын алуда.

Таяуда Қостанайға келген сапарында Елбасы осы жайттарды алға тартып, сауда-экономикалық және мәдени қарым-қатынастар төңірегінде әңгіме өрбітті. 2010 жылы құрылған «СарыарқаАвтоПром» ЖШС-нің өнімдерін көріп, бағасын берді. Бұл кәсіпорын 2011 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Оңтүстік Корея Президенті Ли Мен Бактың ортақ келісімі бойынша машина құрастыру саласында керемет жетістікке жетті.

Қазір Қостанайда жылына жеті мың автокөлік құрастырылып отыр. 2020 жылға дейін мұның санын арттыру жоспарда тұр. «АгромашХолдинг» АҚ да шаруалар үшін техниканың түр-түрін нарыққа шығаруда. Міне,



алдағы бірер айда қазақстандық ноу хау, яғни, тоқпен жүретін автокөліктерді халық пайдаланбақ. Бұл электромобильдер келер жылы Астана қаласында өтетін «ЭКСПО-2017» көрмесінде қойылады деп күтілуде. Экологиялық таза әрі үнемді автокөліктер тұтынушыға қажет-ақ.

«Аллюр Тобы компаниясы» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Андрей Лаврентьевтің айтуынша, қазір қостанайлық автоөндіріс Қазақстанның авто-техникаға деген мұқтажығын толықтай өтеп отыр. Биылғы қыс айында Астана қаласында

электромобильдерді сынақтан тағы бір өткізіп алуды жоспарлауда.

2015 жылы «Аллюр Тобы компаниясы» АҚ-на кіретін «СарыарқаАвтоПром» ЖШС «Қазақстанның үздік тауары» номинациясында Toyota Fortuner автокөлігін шығару арқылы жеңіске жетті. Ал, JAC маркалы автокөлігі «Халық маркасы» номинациясын ұтып алды.

Кәсіпорын қазірдің өзінде жоғары білікті мамандармен толығып отыр. Қазір машина құрастыру бойынша мамандар арасында «Квест Профи» байқауы жалғасып, үздік маманды таңдау үстінде. Былтыр өткен жарыста Қайрат Рақымов есімді слесарь «Үздік слесарь» атанып, қазір бригадир-слесарь дәрежесіне өсті. Сондай-ақ, машина құрастырудың шеберлері Дулат Едірес, Азамат Сүлейменов, Қайыржан Доспанов, Дәмір Досов, Нұржан Әлібеков сынды шеберлер өз ісінің майталмандары. Барлығы да өз жұмысына ұқыпты, тиянақты қарайды. Қолдарынан шыққан өнімнің халыққа пайдалы болғанын қалайды.

СУРЕТТЕРДЕ: тәжірибелі мамандар.

Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

ҚАЗАҚСТАН – 2050

Сұранысты толық өтейді

**Әлібек
ЫБЫРАЙ**

Жыл сайын Тобыл өңірінде көкөніс алқабының көлемі артып келеді. Облыстық ауылшаруашылық департаменті мамандарының айтқанындай, биыл картоп алқабы 300 гектарға, бақша өнімдерінің алаңы 68 гектарға кеңейтілген. Бұл жылына 180 тонна картоп пен 70 мың тоннадай асқа да, көкөніс қорын жасап алуға мүмкіндік береді. Яғни, биыл да көкөніс тапшылығы болмайды деп сендірді сала мамандары. Тұтастай алғанда, биыл көкөніс өнімдері бітік шыққан әрі сапасы да жоғары. Облыс қажетін толық өтейді.

– Бақша өнімдерінің бағасын реттеп, жергілікті тұрғындарды арзан көкөніспен қамтамасыз ету мақсатында тұрақтандыру қоры құрылды. Бүгінгі таңда онда жалпы көлемі 1 мың тонна картоп пен 500 тонна сәбіз сақтаулы. Сондықтан, көкөніс өнімдерінің бұл түрінен халық тапшылық көрмеуі тиіс, – дейді облыстық ауылшаруашылық басқармасының бөлім басшысы Сәлімжан Есенаманов.

Қостанай ауданындағы «Терра» серіктестігінде биыл да өнімнің мол болатынын айтады. Кәсіпорын мемлекеттік бағдарламаның көмегімен көкөніс сақтайтын қойма салып алды. Енді күзгі жиын-терімге кіріскен. Мұнда тек қана картоптың бірнеше түрі өсіріледі. Серіктестік көкөніс өсіру ісінде голландиялық шаруалардың тәжірибесін үлгі ретінде ұстанады.



– Жаңа технологиялар енгізудің арқасында мол өнімге кенелдік. Үстіміздегі жылы 100 тоннадай сәбіз жинап аламыз деп жоспарлап отырмыз. Голландияның ауылшаруашылық тауар өндірушілерімен әріптестік-ынтымақтастық байланыс орнаттық. Оның сыртында мемлекет тарапынан мықты қолдау көрсетіліп келеді. Мәселен, инвестициялық субсидиялар аясында көкөніс сақтау қоймасына кеткен шығынның 30%-н Үкімет өтейді. Бұл біз үшін өте тиімді, – деді «Терра» ЖШС директоры Владимир Семейкин.

Шаруашылық басшысы мемлекет көрсетіп отырған қолдау аясында көкөніс алқабын жылдан жылға кеңейтеміз деп отыр. Мұндай қадамдар сәйкесінше облысымызда ішкі нарықты сәбіз, жуа, картоп, қызылша, қиярмен қамтуға мол мүмкіндік береді. Бұл ретте облыс әкімдігі мен «Тобыл» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы бірлесіп, қала халқын арзан бақша өнімдерімен қамтудың ұтымды жолдарын жасап жатыр. Алдағы уақытта тұрақтандыру қорынан өңірдегі сауда орындарына бақша өнімдері арзан бағамен жеткізілетін болады.

Қостанайдың кең көңіл Дариясы

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Е. Өмірзақов атындағы облыстық филармония концерттік маусымды Тобыл өңірінде бұрын болмаған, жаңа сарындағы жобамен ашпақшы. "Дария" деп аталатын жобаның құрамында бірнеше аспап біріктірілген. Алдағы бейсенбі күні өтетін концерттік кеш бұрынғыдан өзгереді болмақ деп күтілуде. Кештен бұрын осы жобаның белді мүшесі, әнші Гүлбану Абдуллинаны сөзге тартқан едік.

— Гүлбану Сұлтанқызы, тың жобаны қолға алған екенсіздер. Қазірдің өзінде жарнама жағалай жүріп жатыр. Несімен ерекше, бұрынғы бастамалардан өзгешелігі неде болмақ?

— Менің қатысуыммен жүзеге асып жатқан бұл үшінші жоба. Үшеуі де үш түрлі бағытта болатын. Соның ішінде бұл жоба ерекше деп айта аламын. Себебі, мұнда алты түрлі аспап біріктірілген. Бас гитара, барабан, қылқобыз, домбыра, фортепиано және жанды дауыс. Дауысты да аспап ретінде қолданбақпыз. Құрамымыздағылардың барлығы да филармонияда істейтін музыканттар. Бас гитарада Сапар Молдабеков, барабанда Еркінбек Жыңғылбаев, дауыста мен, Гүлбану Абдуллина, рояльда Ботагөз Байғабылова, қылқобызда Батырбек Байназаров және домбырада Лаура Шахметова. Бұл қиын жанр. Әр аспаптың өзіндік маңызы мен орны бар. Қылқобыз қазақ даласының сарынын береді. Домбырасыз қазақ жоқ, барабанда даланың үні бар. Рояль бәрін біріктіреді, құлаққа жағымды әуен береді. Дауыс қанша дегенмен ең жүрекке жақыны. Алты аспап біріккенде тамаша әуен шығады. Концерт толығымен қазақ әуендерінен құралған. Бұл жоба концерттік маусымның ашылуына ғана емес, биылғы жылдың мерекелік даталарына да арналған. Отанға деген сүйіспеншілігімізді музыканттар осылайша жеткізгіміз келеді.

— Тың бастаманы дүниеге әкелуге қанша уақыт кетті?

— Біз жарты жыл бойы дайындадық. Қолға алған бастаманы



барынша әдемі етіп шығаруға барымызды салдық. Әуенді құлаққа жағымды, заманға сай етіп көркемдедік. Біз алты аспаптың басын қосып, қазақы сарындағы әуенді өңдедік. Өте қызықты бастама. Әртүрлі аспаптар мен жанрдың қоспасынан қызықты дүние шықты. Дәл мұндай жанр Қостанай өңірінде алғаш рет. Басшылық жаңа концерттік маусымды жаңашылдықпен бастау керек деген соң пайда болды. Материалдық, моральдық тұрғыдан толығымен қолдау таптық.

— Жоба авторы кім және бұдан кейін де бұл бастаманы сахна төрінен көре аламыз ба?

— Жоба авторы — біз. Әрі қарай өміршеңдігі бізге емес, әкімшілікке байланысты болмақ.

Қажет деп тапса әрі қарай да гастрольдерге барып, көрерменді қуанта бермекпіз. Сондықтан әрі қарайғы өмірі біздің қолымызда емес. Керек деп тауып жатса біз қуана-қуана елдің алдына шығуға дайынбыз.

— Неліктен "Дария" деп атадыңыздар?

— Осы атау өзімен өзі келді десе де болады. Себебі, біздер өлкеміздің көңдігін, алқаптарын, дархан көңілді бергіміз келді. Қостанай жерінің лебі есіп тұрғанын, облыспен байланысты болғанын қаладық. Бағдарламамыз да біздің өлкеге арналған. Бір жерлерге барып концерт беретін болсақ, біздің өңірдің лебі сезіліп тұру керек. "Дария" осылай туындады.

● ФУТБОЛ



Соңғы минутта келген жеңіс

Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ

Ел біріншілігінің 28 турында "Тобыл" талдықорғандық "Жетісуды" қабылдап 3:2 есебімен жеңіске жетті. Қонақтардың ойыншысы Деян Джерманович небары 4 минутта өз командасын алға шығарды. Бірақ, 10 минут өткен соң қостанайлықтар бірден жауап қайтарды. Айып алаңында төртіп бұзған "Жетісу" футболшысы ескерту алып, бас төреші пенальти белгіледі. Ал, тобылдық Т.Шимкович нүктеден қателескен жоқ. 1:1! Осыдан соң "Жетісу" бапкері Алмас Құлшынбаев жаракат алған Т.Әділхановтың орнына С.Сағындықовты жіберді. 30 минутқа дейін қос ұжым да қауіпті шабуылдарымен ерекшеленбеді. Бірінші тайм аяқталуына санаулы минуттар қалғанда "Жетісу" "ондығы" Т.Жанқылышбай айып алаңында қорғаушыларды алдап өтіп, соққы жасады. Оның бағыттаған добы әлсіз болды ма, қақпашы В.Логиновский қағып алды. Бірінші тайм тең аяқталды.

Екінші бөлікте алаң иелері қарқынын күшейтті. Әсіресе, сол қапталдан Д.Главина мен Т.Шим-

кович белсенді қимылдап отырды. Нәтижесінде, 56 минутта Т.Шимкович айып добынан пас асырды. Допқа бірінші жеткен ұлттық құрама шабуылшысы С.Хижниченко есепті 2:1-ге жеткізді. Талдықорғандықтар көп ұзатпай таразы басын теңестірді. Доптың авторы — В.Боровский. Ол айып алаңындағы қарбалас сәттердің бірінде өзіне серпілген допты бос қақпаға енгізе салды. Ашық ойын кетті. Солардың бірінде С.Хижниченко оң қапталдан сытылып шығып, Д.Савичке пас берді. Дегенмен, Душанның жақын тұстан бағыттаған соққысын "Жетісу" қақпашысы А.Шабанов қайтарып жіберді. Іле-шала Н.Жұмасқалиев баспен ұрып көрді. Тағы да қиыс. Келесі сәтте Ч.Дяк қақпашының шеберлігін тағы бір сынап көрді. Оның соққысынан соң Шабанов шапшаңдық танытты. Бірақ, "Тобыл" дегеніне жетті. Тоқсаныншы минутта С.Хижниченко тағы да Т.Шимковичтің пасынан соң гол соқты. 3:2!

Осылайша, қостанайлық клуб екінші алтылықтағы кезекті жеңісіне қол жеткізді.

СУРЕТТЕ: "тобылдықтар" шабуылда.

● ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАРҚЫЛЫ

Жарайсың, "Семенов жастары"!

Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ

Рудныйдың оқушылар мен жастар сарайында жайдарманның облыстық премьер лигасының жартылай финалдық ойындары өтті. "Қазақстан КВН Одағының" облыстағы филиалы ұйымдастырған жарысқа Қостанай ауданы, Семенов ауылынан келген "Семенов жастары", ҚМУ-дың "Ахмет ұрпақтары", ҚМПИ-дың "Жас нью", РИИ-дың "Махаббат" және Қостанай политехникалық колледжінің "КС" командалары қатысты.

Алғашқы сәлемдесу кезеңін "Серпін" бағдарламасымен келген рудныйлық жастар ашты. Олардың әзіл-қалжыңдары қазақи сарында болғанымен дайындық пен тәжірибе жетіспегендей болды. Болашақ ұстаздардан құралған "Жас нью" қазақ қыздарының спортпен айналысып, Олимпиадада ел намысын

Мен сіздер, бүгінгі жастар, ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ер жетіп келесіздер. Сіздердің жастық шақтарыңыздың уақыты — біздің еліміздің көтерілу және гүлдену уақыты. Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойларыңызға сіңірдіңіздер
Н.Ә.НАЗАРБАЕВ.

қорғаудан гөрі жеңіл-желпілікке салынып кеткендігін әжуалады. Өздерін сахнада сенімді ұстаған "Ахметтің ұрпақтары" да Рио Олимпиадасының қола жүлдегері Василий Левиттің даулы жеңілісін әзілмен түйреді. "КС-тың" қос жігіті де қатарластарынан қалған жоқ. Өнерсүйер жастардың алдында қойылымдаған шағын миниатюралары көптің көңілінен шықты. Соңғы болып сахнаға шыққан "Семенов жастарын" зал зор қошеметпен қарсы алды.



Осыдан 3 жыл бұрын жайдарманның сахнасына "тәй-тәй" ба-

әділқазылар тарапынан жоғары бағаланды.



сып келген оқушылардың бүгінгі аяқалысы қуантарлық. Ауылдың ащы шындығын, мектеп өмірін еш бүкпесіз жайып салған жайдарманшылардың ойынына көрермендер риза болды.

Биатлон кезеңінде де семеновтықтардың жолы болып, ең жоғары 1 ұпайды иеленді. РИИ мен ҚМУ құрамасының астарлы әзілдері де

Жайдарманшылар үшін "Бір әуен аясында" шешуші кезеңі қиындық туғызды. Себебі, танымал өндер арқылы тақырыпқа сай қалжың аралас өлең құрасып, оны шебер орындап шығуға екінші бірі дауалай бермейтіні рас. Сондықтан барлық командалар өздеріне берілген тапсырманы шама-шарқы көлгенше алып шықты.

Осылайша, жартылай финалдың 1-тобында үздік өнер көрсеткен "Семенов жастары" мен "КС" ақтық ойынға жолдама алды. 2-топтың бәсекесі дәл осы жерде 15-қазан күні өтеді. Ендеше, қызықтан құр қалмаңыз, жайдарман сүйер қауым.

● ЖОЛДАУ

"Қуатты Қазақстан дегеніміз – ең әуелі өңірлердің қуаттылығы. Елдің болашағы экономикадағы келешегі зор салалардың дамуымен байланысты. Бұл үшін алдымен жаңа зауыттар көп салынып, жаңа жұмыс орындары ашылып, әлеуметтік инфрақұрылым қарқынды дамуы қажет".

*Н. НАЗАРБАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті.*

АРҚАЛЫҚ

алға басып барады

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Елбасының "Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты" атты Жолдауына сәйкес, елімізде моноқалаларды дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы жүзеге асқаны белгілі. Бүгінде бағдарлама аясында жаңа жұмыс орындары ашылып, қордаланған әлеуметтік мәселелер біртіндеп шешімін тауып, сондай-ақ бір кездері тұралап қалған кәсіпорындардың тынысын кеңейту ісінде қомақты шаралар жүзеге асуда.

Шағын қалаларды дамыту бағдарламасы тек инфрақұрылымды жақсартып қана қоймай, тұрғындардың тұрмыс жағдайын оңалтуды да қамтамасыз етпек. Өміршең жобаға 1,5 млн. тұрғыны бар 27 қаланың енгені баршаға аян. Осындай бақытқа ие болған қалалардың бірі – Арқалық шаһары.

Қазіргідей қымбатшылық жайлаған заманда "Той болады!" десе, тоң торыс болып қалатынымыз да жасырын емес. "Қыруар қаржыны желге шашып не керек?" – деу былай қарағанда заңды да шығар.

көрмесі жайлы "Көрме өткеннен кейін салынған құрылыс халыққа қызмет етуі керек" деген тұжырымды сөздері де айқын дәлел.

Жақында Арқалық қаласы өзінің 60 жылдық мерейтойын

лығы да үлкен дайындық жасады. Қала әкімі Амантай Балғарин ұйымдастыру шараларында айтып өткендей, "Той өткізу тек қана көңіл көтерерлік шаралармен шектелмесе керек". Айтса айтқандай, барлық күш қаланың тазалығына, көлбетінің ажарлана түсуіне жұмылды. Тіпті, арнайы бастамашыл топтың мұрындық болуымен есеп-шот та ашылып, оған қала тағдырына бейтарап қарай алмайтын жанашыр жандар қаржы аударды. Қорға жиналған қаражат қаланың мерейтойын өткізуге бағытталған шараларға тартылды. Арқалық қаласының мерейлі тойын есте қалдыру мақсатында "Арқалық 60" естелік кітабы мен деректі фильмдері шығарылды. Қала бюджеті де қарап қалмады. "Арқалық - Есіл" тасжолының қалаға кіре беріс жол айналымындағы "Колос" стелласына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. "Арқалық - Торғай" көтерме жолының кіре беріс құрылысы жаңадан салынды. Қала орталығындағы "Жастар саябағы" қайта құрылымдау жұмыстарынан өтіп, абаттандырылып, үлкен-кішінің сүйікті демалыс орнына айналды. Жолдарға төсемтас (брусчатка) төселіп, жағалай орындықтар қойылып, бағандарға жарық берілді. Жаңа субұрқак, киізүй тектес қалаңқалар бой түзеді. Еңселі де айшықты екі кіре беріс қақпа бой көтерді.

Мұның сыртында қала және ауыл көшелері жөнделіп, ойшұқырлар бітелді. Байтұрсынов көшесіндегі "Бүркіт" стел-




Алайда, ұтымды ұйымдастырылса той тойлағанның да ел өміріне тигізер пайдасы мол екеніне көз жеткізуге болады.

Бұл ретте Елбасының әлем күтіп отырған "ЭКСПО – 2017"

атап өтті. "Той өтті, не қалды?" деген заңды сұрақ туады. Олай болса, атқарылған жұмыстарды тарқатып көрелік.

Өзінің туған қаласының мерейтойына Арқалық жұртшы-



ласы жаңартылды.

Жаз бойы жүргізілген тазалық жұмыстары барысында орталық саябақ, су қоймасы жағалауы, қала көшелері, тротуарлар тыңғылықты тазартылып, халықтың емін-еркін жүріп-тұруына жағдай жасалды. Орталық "Наурыз" алаңындағы сахнаға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бірқатар көпқабатты үйлердің қасбеттері түрлі-түсті бояумен өрленді.

Арқалық мемлекеттің шағын қалаларды дамыту бағдарламасына енген қала. Жылма-жыл жаңарып, гүлденіп келе

жатқаны ең алдымен осы үкімет тарапынан болған жоғары бетбұрыстың арқасы. Биылдың өзінде бірталай қомақты жұмыстар атқарылу үстінде. Оған облыстық қазақ жасөспірімдер театрының, "Жігер" стадионының, №4 мектептердің республикалық бюджеттің қыруар қаражатына күрделі жөндеуден өтіп жатқандығы айқын дәлел бола алады.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕРДЕ: Арқалық қаласының жаңа реңі.
Суреттерді түсірген автор.

● ҚАЗАҚСТАН–2050



Соңғы жылдары Жанкелдин ауданы бойынша жеке кәсіпкерлер саны молайып келе жатыр. Басым бөлігі мемлекеттік қолдаудың пайдасын көріп отырғандар. Кәсібін тақырдан бастап, іріленген шаруалар да баршылық. Олар Жанкелдин ауданы ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуда белсенді кәсіпкерлер қатарынан. Бұған "Әлихан" шаруа қожалығының иесі Қадыржан Ғалымжанұлын мысалға алсақ та жетеді. Ол Албарбөгет ауылының тұрғыны. Мектептен кейінгі білім жолын Шымкент қаласында жалғаған. Жұбайы Айжамал Әлиева болса оңтүстіктің аруы. Отау құрған екеудің аяққа тұрып кетерлік кезеңдері тұрмыстық ауыртпалық төне бастаған жылдарға дәп келеді. Өзгелер секілді мұғалімдік қызметте болған отбасы мүшелерінің ақшасы тұрмыс деңгейін сақтауға жеткіліксіз. Отағасы заманның тезіне көндіксе де шыдап отыра беруді жөн көрмейді. Сөйтіп, тәуекелге бел буады. Кәсіп ашып, шаруасын дөңгелетпек үшін азын-аулақ тұрмыстық заттар өкеліп саудалап көреді. Бұл жұмыстың қарқын алуына жары Айжамал барын салады. Реті келген тұста Шымкент пен Арқалықтан ұсақ-түйек тасымалдап тұрақты айналымға үйреніседі. Әуелде мал терілерін қабылдап, оны қалаға сатып, қаржының көзін қарастырып отырған болатын. Кейіннен сауданың дөңгелегін жолға салып кәсіпкерліктің алғышарттары жасала бастаған. Осылай, бұрынғы отын-суға деген тәуелділік, шанамен орталықта сауда жасау сияқты қиындықтар артта қала береді. Бірнеше жыл үй ішінен сауда жүргізсе, уақыт өте келе өз ауылында "Айгерім" деген атаумен жеке дүкенін ашады. Азық-түліктен бөлек, сонау Алматыдан киім-кешек те тасымалдап сауда көлемін ұлғайта түседі. Бұл ауылдағы ең ірі азық-түлік сататын дүкен. Бағалары аудан орталығымен салыстырғанда әлдеқайда арзан. Өңірдегі қолжетімді азық-түлік ордасы десе де болады. Оған тағы бір



себеп – жолдасы екеуі анда-санда тас жол бойынан шалғай ауыл-аймақтарға КамАЗ жүк көліктерімен азық-түліктер, ұн және басқа да өндірістік өнімдер апарып арзан бағада саудалайды. Әлі күнге дейін дүкен тұрақты жұмыс істеп келеді.

Кәсіпке бет алған адам бір-екі бастамамен тоқталып қалмауға тиіс. Мұны Қадыржан Бекет жақсы түсінген. Сауда саттықтан түскен пайданы тағы бір іс айналдырмаққа жұмсайды. Бұл 2010 жылмен тұспа-тұс келген болатын. Осы уақытта жоғарыда аталған "Әлихан" шаруа қожалығы құрылады. Дымы жоқ, иесіз жатқан 3 000 гектар жердің бойына жан бітірмекке ұмтылады. Жерді жалға алып, пайдаланбай жатқан тұлғаларға қалай жұмыс істеу керектігін дәлелдеп те береді. Кең даланың әр жерінен үш нүкте таңдалған. Кәсіпкер бізді ауылдан 16 шақырымдай жерде орналасқан қыстағымен таныстырған соң біршама шалғай орналасқан қой шаруашылығына алып келді. Осы жерде айта кету керек, шаруашылықтың негізгі мақсаты – қой шаруашылығы. Иә, "мал өсірсен – қой өсір, өнімі оның көл көсір" дегенді негізге алған шаруалардың бірі болар деп ойладық. Ойымыз мұндағы жұмыстардың қарқынына ауғанын сезді ме Қадыржан ағамыз жұмысшыларына қарай бастап апар-

ды. Біз келгенде олар қарбалас жұмыс үстінде екен. Енді ғана отардан қошқарларды ажыратып, екі бөлек бағып жүргендер анадайдан көзге шалынады. Қора жайлары да жаңа әрі кең. Ішіндегі тазалыққа да көңіл толарлық. Келесі қораға енгенімізде екі жігіттің қой қырқып жатқан үстінен түстік. Жұмыстары қарқынды. Осы жерде бізді Мираш Балдилов есімді орта жастағы кісі қарсы алды. Менің журналистикаға қатысым барын, әрі Қостанайдан



келгенімді естіген соң, өзінің газетті үзбей оқитынын, журналистикаға қызығатынын жеткізді. Әсіресе, облыстық "Қостанай таңын" жиі оқып отыратынын аңғартты. Тіпті, газет редакторының атын атап, жай-күйін сұрағанда танысы болар деп ойлаған едім. Қателесіппін, сондағы газет тілшілерін де атап бергенде "оқырман болсаң, осындай бол" дегендей риза кейіпте "Сәлеміңізді жеткіземін" деп қуанттым. Бұл деген иен далада малшы екенмін деп қана жүрмей, жаңалықтарға деген құштарлық пен сауаттылықтың да белгісі деп білу керек. Осы кезде кәсіпкер ағамыз сөзге араласып: "Жігіттерге газет те өкеліп береміз, радиолары да істеп тұр" дегенде таң қалған едім. Өйткені, мұнда ешқандай электр бағаналары жоқ. Сөйтсем, үй салған кезде арнайы күннен қуат алып баламалы энергия көзін тарататын қондырғыны да қатар орналастырыпты. Ал, мен мұны қазақ ауылдарындағы ауыл шаруашылығының жасыл экономика мен заманауи технологияларға деген жаңашыл көзқарасы деп санадым. Сондай-ақ, мұнда санитарлық талаптардың қатаң ескерілгені байқалады. Мәселен құдық суы ортақ болу себепті оқшауланған. Мал суаратын уақытта арнайы астауға алдын ала су жіберіп отырады.

– Шаруашылыққа тиесілі қойдың жалпы саны 800-ден асады. Күтімі жақсы, үнемі қадағалап отырамыз. Біздің жұмысқа кедергі келтіретіндей ештеңе жоқ. Жұмыс көріп отырғандарыңыздай қарқынды деуге болады. Өзірге қой басын әлі де арттыра түсуді көздеп отырмыз, – деді Қадыржан Ғалымжанұлы. Ол кісіні облыс көлемінде қой өнімдерінің әлі де дұрыс сұранысқа ие бола алмай келе жатқаны қынжылтатын көрінеді. Расымен де, әлгі бір сәттегі қырқылып жатқан қойлардың табиғи жүндерін пайдаға асырылмайтыны обал. Әйтпесе, қаншама тонна жүнді көдеге жарату мақсатында біршама пайда таппаққа болар ма еді?!

Қойдан бөлек шаруаға тиесілі 120 жылқы мен 200-ге тарта Зеңгі баба тұқымы бар. Алда күз келе жатқандықтан қысқы мал азығын дайындау жұмыстары да басталып кетті. Маратбек пен Серікбай есімді механизаторлардың жұмысы кісі сүйсінтерлік. Жол бойы төңкерілген тостағандай томпиып жатқан шөмелелер. Тракторға да тыным жоқ. Ерен еңбектің үлгісіне кезіккендей боласыз. Мұны бақташы жігіт Елубай да растағандай:

– Малшы болып табыс тауып келе жатқаным бірнеше жылдың жүзі болды. Жұбайым – Гүлжанатпен әр жерде, әр түрлі кәсіпкерлерде еңбек еттім. Бірақ ең ұзақ тұрақтаған орным осы шаруашылық. Мұнда келгелі де өз алдыма мал жинай бастадым. Жағдайымыз жаман емес. Қандай да бір қажеттілік болса Қадыржанға жүгінеміз. Оған алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Кісімен

"Демеушілерім – жұмысшыларым"



Ауылшаруашылық қайта өңдеуде және саудада фермерлік пен шағын және орта бизнесті дамыту қажет. Жер өңдеу мәдениетін өзгерту және жаңа ғылыми, технологиялық, басқарушылық жетістіктерді ескере отырып, мал шаруашылығындағы дәстүрлерімізді жаңғыртуымыз қажет.

Аса ірі экспорттық нарықты меңгеру үшін біз қай азық-түліктің жаппай өндірісін басты етіп қоятынымызды айқындауымыз керек.

Алынған шаралардың нәтижесі 2050 жылға қарай ел ІЖӨ-дегі ауылшаруашылық өнімінің үлесі 5 есе артуы тиіс.

Н.НАЗАРБАЕВ.

"Қазақстан–2050" стратегиясынан.

де тіл табыса білетін азамат. Мұндағылардың ауызбіршілігі мен еңбекке қабілеттілігін талап етеді. Ал, біз сол үдеден шығып жүрміз. Күйттегеніміз мал шаруашылығы болғандықтан ортақ байланысымыз, ортақ мүддеміз айқын. Сондықтан да адал еңбек етіп, адал нәпақамызды табу біз үшін абырой.

Иә, шаруам шайқалмасын десең, жұмысшыларың да, техникаң да сайлы болуға тиіс. Айтпақшы, техника дегеннен шығады, шаруа қожалығына тиесілі МТЗ-80 маркалы қос трактор мен бірнеше қажетті техникалық құралдар бар. Екі жүк тасымалдайтын көлік те жүріп тұр. Алдағы жылы техникаларын жаңартпақ. Қарамағында 5-6 адам тұрақты еңбек етеді. Науқан кезінде қосымша күш тартылады. Еңбек демалысы мен зейнетақы қоры да заңдастырылған. Олар биылғы жоспарға сай 300 тіркеме шөпті шауып та болды. Енді тасып алу ғана қалды. Сонымен қысқа да әзір.

– Шынын айту керек, ауылдағы жұмыс орындарына бірнеше мемлекеттік мекемелер ғана кіреді. Содан кейін барып біз секілді кәсіпкерлер де қарапайым тұрғындар үшін жұмыс беріп отырғандар қатарына жатамыз. Әрине, бұл бірінші кезекте кәсіп үшін қажеттілік. Дегенмен де, мекемедегілер үкіметтен ақша алса, кәсіпкер мандай терін төгіп тапқан пайдасының тиесілі бөлігін жұмысшыларға береді. Бұл дегеніміз, шаруа қожалықтарының байқаусыз да болса пайдалы тұсын ашып береді. Мен шаруашылығым үшін мемлекет қолдауына сүйенген жоқпын. Өйткені, пайыздық үлеспен ұтылғым келмейді.

Бастысы – жұмысшыларыма жағдай жасап отырамын. Олар адал еңбекке сай табысын табады. Тіпті, малшыларымның әрқайсысының туған күндеріне дейін жайылымға барып бірге өтеміз. Мұның бәрі ұжым-



ның қарым-қатынасын арттырып, еңбекке деген құлшынысын еселей түсу үшін, – деп ағынан жарылған кәсіпкердің өзіндік ұстанымының барын сезгендей боласыз.

Қадыржан Ғалымжанұлы ауылдық және аудандық деңгейдегі түрлі іс-шаралардың басты демеушісі болып келеді. Мысалы үшін, Мәуліт мерекесін шаруашылық атынан ұйымдастырғаны үшін ҚМДБ-ның Қостанай облысы бойынша өкіл-имамның алғыс хатын алған (2011), аудан және облыс әкімдерінің еңбектегі жоғары жетістіктері үшін бірнеше марапаттарға ие болды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығы мерекелік медалінің иесі. Мұндай құрметті иеленудің өзі мәртебе. Еңбекте қажымас қайрат пен төзімділік танытып келе жатқан азаматтың алар асуы таусылмайды. Жалықпай еңбектенсе әркімнің шығар шыңы бар.

Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ,

ҚМУ-дың журналистика мамандығының студенті.

Суреттерді түсірген автор.

● ҚУАТТЫ БИЗНЕС – ҚУАТТЫ ҚАЗАҚСТАН

Қоғамдық көліктерді құрастыру қолға алынды

Кенже
ҚОНЫСБАЙ

Қазақстан қазір тұрақты даму жолында. Ел экономикасы көтеріліп, халықтың әл-ауқаты жақсарды. Еліміздегі әр облыстың мемлекет дамуына қосар өз үлесі бар. Елбасы Қостанай облысына жасаған сапарында Тобыл-Торғай өңірі бұл тізімде алдығы қатарда екенін растаған еді.



Қостанай өңірі осы кезеңге дейін астықты өлке аталып, ауыл шаруашылық саласында танылып жүрсе, бүгіндері индустриалды-инновациялық бағыт бойынша бірқатар жетістіктерге жетіп келеді. Әсіресе, машина құрастыру, ав-

тоөндірісі қызу қарқын алуда. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Оңтүстік Кореяның Президенті Ли Мен Бак 2011 жылы ортақ келісімге келіп, машина құрастыру саласында қоян-қолтық жұмыс істеуге уәделескен еді. Нәтижесінде, Тобыл жағасындағы қаланың әлеуеті біраз жақсарған-ды. Өңірде темір тұлпарлар көптеп құрастырыла бастады. Міне, араға 5 жыл салып, Қостанайдағы машина

зауыты қытайлық компаниямен бірлесіп, «Анкай» маркалы автобусын құрастыруды қолға алды. Қоғамдық көліктер жыл соңына таман еліміз бойынша сатылымға шықпақ. Тараптар тәуел келешекте машиналарды Ресей мен Белоруссияның нарығына

экспорттауды жоспарлап отыр.

Автобустың бөлшектері Қазақстанға дайын күйінде келеді. Бұған дейін көліктің бірнеше түрін шығарып тәжірибе жинақтаған жергілікті жұмысшыларға автобус құрау қиынға түскен жоқ, жылдам меңгеріп кетті. Алдағы мақсат – автоөнімдегі қазақстандық үлесті арттыра түсу.

– Бір апта бойы қытайдан келген мамандар бізді оқытты, бірге құрастырып көріп, үйреніп алдық. Әзірге ірі бөлшектерден құрап жатырмыз, болашақта бұл автобустарды ұсақ бөлшектерден бастап жинайтын боламыз. Біздің цехта күн санап білікті мамандар артып келеді. Жыл сайын жас мамандардың шыңдалып, шеберлігі арта түсті. Сондықтан, кез келген жаңашылдыққа тез бой үйретеміз. Бұл – ел үшін пайдалы. Техниканың барлық түрін еш қиындықсыз шығаруға болады. Бұған біздің әлеуетіміз жетеді, – дейді құрастыру цехының шебері Темірхан Мұқабаев.

Кәсіпорында қоғамдық көліктің ұзындығы 8 метрден бастап, 12 метрге дейін жететін үш түрі құрастырылады. Автобустарда мүмкіндігі шектеулі жандар үшін барлық қолайлы жағдай жасалған. Бұл машиналардың одан өзге де артықшылығы көп. Жалпы, Қостанайда жылына жеті мыңға жуық көлік құрас-



тырылады. Оның ішінде, жеңіл автокөліктер мен жүк көліктері де бар. Басым бөлігі комбайндар мен тракторлар. Өңірде орақ маусымы басталғанда, бұл көліктер үлкен сұранысқа ие.

– Автобустар «еуро 5» экологиялық талаптарына сай келеді. Газбен де, дизельді отынмен де жүреді. Ұзындығына қарай орын саны көбейе береді. Мұнда жолаушыларға жайлы болуына баса мән берілген. Келешекте көптеп шығару жоспарда бар. Өйткені, ішкі нарықта қызығушылық танытып отырған тұтынушылар жетерлік. Соңғы стандарттарға сәйкес барлық жағдай жасалған.

Оған қоса, тапсырыс бойынша ыңғайлы етіп те құрастырамыз, – дейді Коммерциялық техникаларды құрастыру цехының басшысы Байғали Исмағұлов.

Автобустың қазіргі таңдағы бағасы 26 млн теңге шамасында. Оны өтімді ету үшін арнайы қаржылық қолдау жағы да қарастырылған. Болашақта қоғамдық көліктердің қалааралық, туристер мен оқушыларға арналған түрлері де құрастырылмақ.

СУРЕТТЕ: автобус құрастырушы мамандар.

Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Елеусіз қалған есім

Қыдырбек
ҚИЫСХАНҰЛЫ

Өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы сталиндік қуғын-сүргіннің мемлекет пен туған халқына адал жандарды себепсіз соттап, аяусыз ату жазасына кескені баршамызға аян. Адам естімеген сұмдық айыптар тағылып, қаншама арыстар жазықсыз құрбан болды. Біздің өңірімізде де «халық жауы» деген жала ұлт зиялыларынан бастап, қарапайым жұртшылыққа кесір болып тиді. Бір ғана Әуликөл ауданында тек 1937 жылдың 8 желтоқсаны мен 1938 жылдың 31 қаңтары аралығында 28 адамның бесеуі ату жазасына кесіліп, қалғандары 10 жылға дейін қапасаға тоғытылыпты.

Жоғарыдағы жазаланғандардың арасында туған еліне адал қызмет еткен Жареке Құмұхамедұлы Досмұхамедов те бар. Ол Науырзым ауданындағы жетіжылдық қазақ-орыс мектебінің директоры, кейін Семиозер (қазіргі Әуликөл – Қ.Қ.) аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып жүріп, небары 28 жасында атылып кеткен боздақ.

Бір анығы, Досмұхамедов пен қалған азаматтардың барлығы сол 1937 жылдың 23 қарашасы күні тұтқындалған екен. Жарекенің өзі 8 желтоқсан күні ату жазасына кесіліп, үкім үш күннен кейін, яғни, 11 желтоқсан күні орындалыпты. Үкімнің бұлайша апыл-ғұпыл жүзеге асырылғанына қарағанда, бұл НКВД үштігінің арнайы тапсырысымен «тазалау» науқаны болғанын көрсетіп тұр. Тіпті, қанқұйлы органның айыптауы да қисынсыз – Досмұхамедов Әуликөл ауданында антисоветтік ұлтшыл-фашистік қылмыстық топты басқарып, жергілікті халық арасында партияға қарсы үгіт-насихат жүргізіпті. Ол ол ма, колхоз, совхоздардың жұмысына барынша кедергі жасап, оларды жою мақсатын жүзеге асыруды көздеген. Соның ішінде Сұлукөл қой шаруашылығының малына жұқпалы аурулар таратпақшы болды деген арам пиғылы да болған-мыс.

Ат арқасында жүрген азаматтың өңірімізге танымал біраз азаматтардың оқып, білім алуына септігі тиген екен. Қазақтың талай қара домалағын қолынан жетектеп, мектеп



табалдырығын аттатқан жан. Қаншама адамның ұстазы саналады.

Жареке Досмұхамедов 1958 жылдың 4 наурызы күні Қостанай облыстық соты президиумының қау-

лысымен қылмысының жоқтығы анықталып, кезінде НКВД үштігі шығарған шешімнің күші жойылған.

Ол тұтқынға алынған уақытта артында ата-анасы, қарындасы, аяулы жары мен екі жасар ұлы Кәрім қалыпты. Сол Кәрім ел қатарлы білім алды. Алматы Зооветинститутын қызыл дипломмен аяқтап, Қостанай, Торғай өңірінде қызмет етті. 8 бала өсіріп-тәрбиеледі.

– Атамыздың өмірінің соңғы күндеріне дейінгі деректі Ұлттық қауіпсіздік комитеті облыстық департаменттен алдық. Хатта атамның қайда жерленгені белгісіз делінген. Ендігі ойымыз – Әуликөл ауданындағы бір мектепті ары таза азаматтың атына алып берсек дейміз. Себебі, атам сол өңірде соңғы сәтке дейін лауазымды қызмет еткен жан. Бұған дейін жергілікті әкімшілікке бірнеше мәрте бардық. Еш көмек болған жоқ. Облыстық бұқаралық ақпарат құралдарына да бір-екі рет жаздық. Одан да нәтиже болмай тұр, – дейді асылдан қалған тұяқ Жангелді Құлмағамбетов.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

● ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕКТЕП

Ардагерлер әрқашан сапта

Облыстың ішкі істер департаментінде ҚР ИМ және Ұлттық гвардия ардагерлер кеңесі төрағасы генерал-майор Ө.Болсамбековтің төрағалық етуімен VII есеп беру-сайлау конференциясы болып өтті. Конференцияға жүзден астам делегат қатысты.



Ішкі істер министрлігінің ардагерлер қозғалысы жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде маңызды роль атқарады. Олардың қызметтік және өмірлік бай тәжірибесі жеке құрамды оқытуда ғана емес, құқық тәртібін нығайтуда да аса қажет. Облыстың ішкі істер департаменті ардагерлер кеңесінің төрағасы отставкадағы полковник Аманкелді Өмірбаев есепті баяндамасында ардагерлерге деген ізгі қарым-қатынас олардың бел-

сенділігін арттырып, жауапкершілік жүктейтінін айтты. "Облыстық департамент басшылығының қолдауымен аз уақытта әрбір қалалық және аудандық бөлімдерде ардагерлердің бастапқы ұйымдары құрылды, олар өз жұмысын патриоттық тәрбие беру, жас қызметкерлермен тәжірибе бөлісу және ішкі істер органдарының қызметіне қатысу бағыттары бойынша жүзеге асыра бастады", – деді ол.

Басқосуда Ұлы Отан соғы-

сы ардагерлерімен, мүгедектермен және қызметтік борышын өтеу кезінде қаза тапқан қызметкерлер отбасылармен жұмысқа ерекше назар аударылды. Генерал Болсамбеков ақсақалдарға барынша қолдау көрсетіп, оларды емдеуге жіберу қажеттігін атап өтті. Облыстық ардагерлер кеңесіндегілер соғыс және еңбек ардагерлерінің жыл сайын "Жеке батыр" және "Сосновый бор" шипажайларында демалатындарын, сондай-ақ

ИМ және ІІД госпитальдарында емделетіндерін айтты. "Құрметті демалысқа шыққан әрбір қызметкер ардагерлер ұйымына мүше болуы тиіс. Оларды кеңестің жұмысына тартып, олардың бай тәжірибесін ортақ істе пайдалануымыз керек", – деді генерал.

ОІД бастығының орынбасары полиция полковнигі Б.Ералин ардагерлер кеңесі жұмысының оң нәтижелеріне тоқталды. Оның айтуынша,

ардагерлер ішкі істер департаменті жанынан құрылған консультациялық-кеңес органының құрамына кіреді. Биыл ардагерлер Қостанай қаласында, Таран, Ұзынкөл, Федоров аудандарында болып, жергілікті тұрғындармен кездескен. Сондай-ақ, кеңес мүшелері полицияда қызмет етуге үміткерлерді іріктеуге де қатысады.

Конференцияда ардагерлерді әлеуметтік және құқықтық қорғаумен қамтамасыз ету мәселесі де көтерілді. Жыл сайын барлық ардагерлерге, олардың отбасылары мен жесірлерге материалдық көмек көрсетіледі. Қарттар күнін және ардагерлердің мерейтойларын атап өтеді.

Басқосуда ардагерлер ұйымдары төрағаларының сайлауы өткізіліп, қылмысты ашуға және жолын кесуге белсене атсалысқан ардагерлерге медальдар мен грамоталар тапсырылды. Осы күні ардагерлер үшін облыстың ішкі істер департаментінің жаңартылған музейіне экскурсия ұйымдастырылды.

М.СМАҒҰЛҚЫЗЫ.

Кемшіліктер анықталды

Ағымдағы жылдың тоғыз айында әлеуметтік-экономикалық саласының заңдылығын қадағалау бойынша тексеріс жұмыстары 21 рет жүргізілді. Нәтижесінде, 50 заң бұзушылығы анықталды, 18 ұсыныс, 7 наразылық енгізілді. 3 заңсыз актінің күші жойылды, 284 тұлғаның конституциялық құқығы қорғалды, жүргізілген тексеру нәтижесі бойынша 3 қылмыстық іс қозғалды. 46 тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды, 19 тұлға әкімшілік жауапкершілікке, материалдық жауапкершілікке 19 азамат тартылды. Прокурорлық қадағалау актісі бойынша 5 121 019 теңге өндірілді.

Прокурорлық талдаудың нәтижесімен кадастрлық құны 14 347 424 теңге тұратын 5 000 га құрайтын жер учаскелері мемлекет меншігіне қайтарылды.

Жанкелдин ауданының мемлекеттік мекемелерімен 2014-2015 жылдары мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаржыларды тиімді пайдалану сұрағы бойынша тексеру жүргізілді. Тексеріс жүргізу барысында Жанкелдин ауданының мемлекеттік мекемелерімен мемлекеттік бюджеттен қаражатын заңсыз шығындау фактілері анықталып, прокурорлық қадағалау актісі енгізілді. Жұмыс нәтижесі бойынша негізсіз төленген 432 444 теңге мемлекет пайдасына өндіріліп, кінәлі тұлғалар материалдық және тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Дәл осы тексерістің аясында, іс-жүзінде жұмыс атқармаған адамға негізсіз еңбек ақы төлеу фактісі анықталып, кінәлі тұлға Жанкелдин ауданы, Милісай ауылының әкімі 2015 жылғы 23 қарашадағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының 50 бабы 1 бөлімі 2, 7 тармақтарының талаптарын өрескел бұзғаны үшін "қызметке толық сәйкес емес" түріндегі тәртіптік жазаға тартылып, себепсіз аударылған 179 710 теңге мемлекеттік бюджетке толығымен кері қайтару туралы материалдық жауапкершілікке тартылды.

"Жанкелдин ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Коммуналдық шаруашылық кәсіпорны" МКК-дегі (одан әрі – "Коммуналдық шаруашылық кәсіпорны" МКК) 2015 жылда және 2016 жылдың өткен мерзімінде коммуналдық саладағы тарифтердің бекітілуі мен қолдануының заңдылығы тексеріліп, тұтынушылардан жылумен жабдықтау қызметі үшін төлем бағасын тиісті мөлшерден артық жиналған 195 499 теңге тұтынушылардың берешектеріне игеріліп, 135 тұтынушының құқығы қорғалды.

Жанкелдин ауданының ветеринария бөлімі мемлекеттік мекемесі "Малдәрігер-2011" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (әрі қарай – МКК) жұмыс істейтін қызметкерлерге жалақыны уақытылы және толық төлемеу фактісі анықталып, 68 қызметкерге төленбеген жалақының жалпы соммасы 3 079 865 (үш миллион жетпіс тоғыз мың сегіз жүз алпыс бес) теңге толығымен төленді.

2015 жылы және 2016 жылдың өткен мерзімінде кәмелетке толмағандардың білім алу құқықтарының сақталуына қатысты "Жанкелдин ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінде және ауданның білім беру ұйымдарында тексеріс жүргізілді.

Тексеріс нәтижелері бойынша анықталғаны, мектептерде жұмыс атқарып жатқан мұғалімдердің жалған дипломды пайдалану фактілері анықталып, ҚР ҚК-нің 385-бабы 3-бөлігімен үш қылмыстық іс қозғалып, аудандық сотта қаралып айыппұл түріндегі жаза қолданылды.

Кәмелеттік жасқа толмағандардың конституциялық құқығын қорғау мақсатында, аудандағы жалпы білім беретін мектептерде санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың сақталуына тексеру жүргізілді. Анықталған кемшіліктер бойынша кінәлі лауазымды тұлғалардың (мектеп директорлары мен балабақша меңгерушісінің) үстінен әкімшілік іс қозға-

лып, 142 107 теңге әкімшілік айыппұл салынып, мемлекет кірісіне толығымен өндірілді.

"Ветеринария" туралы Қазақстан Республикасы Заңының қолданылуына қадағалау жүргізу мақсатында, ҚР АШМ МВБЖК аумақтық инспекцияның атына, Жанкелдин ауданы ветеринария бөлімі мемлекеттік мекемесі "Малдәрігер-2011" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2016 жылдың өткен мерзімінде ветеринарлық-профилактикалық іс-шараларының сапалы және уақытылы орындалуы жағдайына тексеру жүргізу туралы талаптама жолданды.

Тексеру нәтижесі туралы актіге сәйкес, мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық бақылау объектілерінің жергілікті атқарушы органдардың жанындағы мамандандырылған ұйымдарының, селолық округтің ветеринарлық дәрігерлерімен ветеринарлық-профилактикалық іс-шараларды орындау және ауылшаруашылығы жануарларын идентификациялау тәртібін жүргізу барысында бірқатар кемшіліктер жіберілгені анықталды.

Анықталған заң бұзушылықтарды және оның туындауына әкеп соққан себептерді жою мақсатында прокурорлық қадағалау актісі енгізіліп, нәтижесінде 13 ветеринарлық дәрігерлер оның ішінде олардың жұмысына ведомствалық бақылау жасауға жауапты басшылары ҚР ӘҚБтК-нің 406 бабы 3 бөлімімен әкімшілік жауапкершілікке тартылып, құқық бұзушылардан 397 693 теңге әкімшілік айыппұл өндірілді.

2016 жылдың өткен мерзімінде Жанкелдин ауданының мекемелерімен, кәсіпорындарының қызметінде "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңнама талаптарының сақталуына тексеру жүргізілді.

Тексеру нәтижесі бойынша "Жанкелдин ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Малдәрігер-2011" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнымен (әрі қарай – МКК) 18, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы"



коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қостанай облысы бойынша филиалы – "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" Департаментінің Жанкелдин аудандық бөлімшесімен (әрі қарай – Бөлімше) 1, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің "Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы" мемлекеттік мекемесімен (әрі қарай – Орталық) 10 бос жұмыс орындары туралы мәліметтерді пайда болған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде халықты жұмыспен қамту орталығына жіберілмегені анықталды.

Жоғарыда көрсетілген мекемелермен бос жұмыс орындарға, бүгінгі күні 29 адам қабылданып, жұмыс атқаруда.

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына сәйкес, жұмыс беруші бос жұмыс орындарының (бос лауазымдардың) болуы туралы мәліметтерді еңбек жағдайлары мен төлемақысын көрсете отырып, пайда болған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде халықты жұмыспен қамту орталығына жіберуге міндетті.

Алайда, МКК-мен 18, бөлімшемен 1, орталықпен 10 бос орындардың пайда болғаны туралы мәлімет Жанкелдин аудандық жұмыспен қамту орталығына тиісті түрде хабарланбаған.

Жанкелдин ауданын прокуратура-сымен 2016 жылдың өткен мерзімінде тергеу және анықтау заңдылығын

қадағалау барысында Жанкелдин ІІБ қызметкерілермен қылмыстық құқық бұзушылықты есептен жасырған факт анықталған.

Қабылданған шаралар негізінде есептен жасырған қылмыстық құқық бұзушылық СДТБТ-не тіркелген.

Аталған факт бойынша аудан прокуратурасымен Қостанай облысының жергілікті полиция қызметінің басшысының мекен-жайына прокурорлық ықпал ету актісі енгізіліп, қылмыстық құқық бұзушылықты тіркеуге шара қабылдаманы үшін прокурорлық акт бойынша 1 лауазымды тұлға жауапкершілікке тартылды.

Әкімшілік істер бойынша сот актілерінің заңдылығын қадағалау саласы бойынша 2016 жылдың өткен мерзімінде аудан прокуратурасымен 2 заңды тұлғаны заңсыз әкімшілікке тарту туралы сот актілерінің күшін жою жөнінде 2 наразылық енгізілді.

Сонымен, көрсетілген заңдылықтың бұзылу фактілеріне жол берген мекеме басшыларын Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 98 бабы 1 бөлімі 2 тармағында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықты жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту сұрағы қойылып, Қостанай облысы әкімдігі бойынша еңбек инспекциясының атына жолданып, бүгінгі күні уәкілетті органмен тиісті шаралар қолданылды.

Мейрамкүл ҚОЗБАҚ,
Жанкелдин аудандық
прокуратурасының аға
прокуроры, 2-ші сыныпты
зангер.

● ТӘУЕЛСІЗДІККЕ 25 ЖЫЛ

Ұлы Дала тарихы —

Елбасымыздың әрдайым өзін ерекше дараландырып тұратын айрықша қасиеттері терең тарихымыздың тағылымдары мен көреген халқымыздың даналықтарын жадында жаңғыртып отыратындығы. «Күншығыс елі десе — Жапония, аспанасты елі десе — Қытай, Таңғы шық елі десе — Корея» есімізге түседі. Тіпті, Голландия елі өздерінің қызғалдағымен әлем халқының жадында жатталған. Бізге де осындай баламалы ұғымдармен байланысты атаулар керек. Ақиқатында, қазақтар, мына біз, Ұлы Даланың балаларымыз. Аталарымыз сайын дала төсінде көшіп-қонып қана жүрмеген, бүгінгідей байтақ жерімізді қорғап, көзінің қарашығындай сақтап, біздерге аманаттаған ұлы бабалардың ұрпағымыз», — деді Елбасы. Осынау Ұлы Даланың иесі есептелетін Қазақ мемлекетінің атауы қазақ қоғамын толғандырып келген-ді. Соңғы жылдары Президент мемлекетті «Қазақ елі» деп белгілеп, «Мәңгілік елдік» мәртебесін асқақтатумен келеді. Қазақ елінің Мәңгілік Ел болып жасай беруі — Елбасының Ұлы арманына айналды. Ұлы Даланы күллі әлемге танытып, Қазақ елінің терезесін теңгерген ұлы саясаткер Нұрсұлтан Әбішұлы өз халқына деген шексіз сүйіспеншіліктің жарқын үлгісі болып табылады.

Өз дамуының ең ғажап ғасырына қадам басқан Қазақ елінің өткен тарихы талай-талай тағылым қалдырды. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін жас ұрпақ бойына тарихи және мемлекетшілдік сананы терең сіңіре отырып, сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Осылай десек, заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары саналатын білім мен кәсіби машықтың атқаратын теңдессіз рөліне айрықша мән берілетіні ешқандай да талас тудырмайды.

Жас ұрпақ тәрбиесінің басы-қасында жүрген жандардың бірі ретінде Елбасы Жолдауы мен мақаласы аясында өзімді толғандырып жүрген бірқатар ой-пікірлерімді ортаға салғым келеді. Тәуелсіздік жылдарында қасиетті Түкістан қаласының өсіп-өркендей түсуіне кезінде Елбасының өзі үкілі үмітпен ашқан Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің лайықты рөл атқарып келе жатқаны ақиқат. Қазақ елі Тәуелсіздігінің қарсаңында шаңырақ көтерген білім ордасына биылғы маусым айында ширек ғасыр толды. Білім ордасының қабырғасында өркен жайған жастар арасындағы достық пен бірлік түркі халықтары ынтымағының негізі болып табылады. Кезінде қазақ хандығының рухани астанасы болған киелі шаһардың мәртебесін көтере түсуге белсене атсалысу білім ордасының ұстанып отырған негізгі бағыты болып табылатынын жете сезінеміз. Студент-жастар тәрбиесінде осы тұрғыда түрлі іс-шаралар жүргізу негізге алынған. Солардың

У.ӘБДІБЕКОВ,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің президенті, профессор

бірі Қазақ хандығының 550 жылдығын оқу орнында кең көлемде мереке-легеніміз дер едік. Бұл мерейтойға тыңғылықты дайындалуға барымызды салдық. Ең бастысы — университеттің өнер факультеті студенттері мен оқытушыларының тың ізденісімен қазақ хандары мен батырларының тұтас галереясы дүниеге келді. Мұны өткен жылы сәуір айында білім ордасында арнайы атбасын бұрған Қазақстан Президенті Н.Назарбаев пен Түркия Президенті

лар мен құбылыстардың бейнелі тарихы топтастырылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев айтқандай, «Қазақ тарихында қазақ ұялатын ешнәрсе жоқ. Қазақтың бүкіл тарихы бірігу тарихы, тұтастану тарихы» болғандықтан сурет тілімен бейнелеу — «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының тұғырын бекітуге қызмет ету тиіс. Көрмеге ұсынылған суреттердің тақырыбы мұқият таңдалып, мамандардың ғылыми және көркемдік



Тайып Неджет Ердоған тамашалап, ризашылықтарын білдірді. Содан бергі бір жылдан астам мерзім ішінде университетіміздің мәдениет орталығында Ұлы Дала тарихының галереясы бой көтерді. Бұл игілікті істің сапалы атқарылуына бар мүмкіндікті жұмылдырдық. Суретші-мамандарымыздың қабілет-қарымы мен тың ізденістерінің нәтижесінде өзімізді толғандырып жүрген идеяларымыз кең өріс алды. Көрме идеясының авторы әрі жоба жетекшісі ретінде өзімнің ізгі ой-армандарымның жүзеге асырылып жатқаны — мен үшін зор мәртебе.

Қазіргі кезде университетіміздің «Қазақ даласының тарихы» сурет көрмесі Астанаға жол тартып, Қазақ Ұлттық көрмесінің Алтын залына қойылған, оны халық тамашалауда. Университет ұсынып отырған бұл сурет көрмесі қырық қалам туындысын біріктірген «Ұлы Даланың ұлы тұлғалары» және «Ұлы Даланың Ұлы оқиғалары мен құбылыстары» деген екі бөлімнен тұрады.

Көрменің басты мақсаты — Ұлы Дала Елі — Қазақстан Республикасының жеті мың жылдық тарихын суретпен сөйлету болғандықтан көрмеге ел тарихында өшпес орны бар тарихи тұлғалар мен Қазақ елінің мақтанына айналған оқиға-



сараптамасынан өткен.

Біздің заманымызға дейінгі бес мың жыл бұрынғы Ботай мәдениетінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі аралықтағы ұлттық тарих пен мәдениеттің артефактісіне айналған мәдени-рухани және материалдық ескерткіштер елдің игілігіне айналып, дәстүрлі мәдениеттің өзегін құрап отыр. «Ботай елдімекені», «Қазақ даласындағы аң аулау өнерінен көрініс», «Сақ басшысы — Алтын адамды жерлеу рәсімі», «Отырар моншасы», «Тайқазан», «Отырар кітапханасы», «Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің құрылысы», т.б. суреттер тарихи оқиғалар мен құбылыстарды сурет тілімен көркемдік бейнеде қабылдауға қызмет етеді.

Ұлы Дала тарихы мен мәдениеті



Елбасымыздың сөзімен айтқанда, «ел байлығы, жер байлығы, ер байлығынан» құралатындығын ескеріп, Мәңгілік Елдің тұғырын бекемдеуге қызмет жасаған тарихи тұлғаларымыз — даланың дана билеушілері, батагөй билері мен ержүрек батырлары, олардың тікелей араласуымен іске асқан тарихи оқиғалар да сурет көрмесінің желісін құрайды.

Президент Н.Назарбаев өз сұхбатында «Бүкіл әлем бойынша қазақтар туралы мәліметтер мен тарихи деректер жиналды. Өздеріңіз білетіндей, біздің еліміздің өткенінің үлкен бөлігі жазбаша түрде сақталмаған, тек ауызша ғана сақталған. Интеллигенция мен ғалымдардың міндеті — біздің еліміз туралы тарихи деректерді жинау, талдау жасау және ретке келтіру болып табылады,» — деп баса айтты. Осы тұрғыдан келгенде, Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған мерекелік іс-шаралар-

да алға қойылған мақсат биігінен көріндік дей қою қиын. Жасыратыны жоқ, жоғымызды түгендеп, тарихымызды тереңдете зерттеуде өткізілген конференциялар, шығарылған кітаптар, басылымдар жарияланымдары негізінен кәсіби тарихшылардың ғана кәдесіне жарайтын дүниеелер болып қалғанын жоққа шығара алмаймыз. Сөз орайы келгенде тағы бір мысал келтірейік: Алматыдағы Ә.Қастеев атындағы көркемсурет галереясы бар. Еліміздегі бірден-бір осы ежелгі галерея бізге су-

ретшілердің суреттерін жарнамалайтын орын сияқты көрінеді. Еліміздің елдігін, тамырын терең жайған Ұлы Дала тарихын жарнамалау жолға қойылмаған. Өкінішке қарай, еліміздегі мұражай ісі әлемдік даму өлшемімен қарағанда көш артында қалып тұр. Қоғамымызда қалыптасқан әдет бойынша мұражайларға мектеп қабырғасында жүргенде мәжбүрлі түрде алып барады. Жағдайдың бұлайша қалыптасуына олардың ешқандай да кінәсі жоқ. Егер біз мұражайларды ешкім бас сұқпайтын қойма іспетті деңгейден өзгерткіміз келсе, озық елдердің тәжірибесінен үйренуіміз керек. Ал, әлемнің кез келген дамыған мемлекеттеріндегі ұлттық сурет галереяларының ел тарихын жарқырата

ТӘРБИЕ ӨЗЕГІ

көрсетудегі ғаламат ғажайыптарына таң қалып, еріксіз таңдай қағасыз.

Айталық, Франция астанасы Париждегі Лувр музейін бір жылда 10 миллионнан аса адам тамашалайды. Оның үштен екісі шетелдік туристер көрінеді. Міне, туризм деп осыны айт! Лувр галереясында ені 2 метр, ұзындығы 4 метр сурет бар. Бұл суретте 1436 жылы француздардың Парижді ағылшындардан босату сәті бейнеленген. Сурет 1896 жылы премьер-министр Клименсонның тапсырмасымен салынған. Осындай тағы бір құнды жәдігер — 1796 жылғы «Азаттық» суреті мемлекет тапсырысы бойынша 1900 жылдары салынған. Осы суреттерді көру үшін Париж мектептерінің оқушылары лек-легімен келіп жатады. Ресейдің Санкт-Петербург қаласындағы атақты Эрмитажда жылына 2,5 миллионнан астам адам болады екен. Онда Бородино, Курск шайқастарының понарамасы салынған. Әр ғасырдағы патшалар мен тарихи тұлғалардың дәуіріндегі оқиғалар бейнеленген.

Ұлыбританиядағы Лондон ұлттық галереясында әртүрлі тарихи оқиғаларға байланысты адмирал Нэлсон, адмирал Веллингтон және де басқа ханзадалар мен корольдардың тарихи оқиғаларға байланысты сәттері бейнеленген суреттері көз тартады. Германия. Мюнхендегі Пинотека галереясында бүкіл дүниежүзінен жиналған суреттерден басқа тарихи орны мен оқиғалары ойға қалдыратын неміс қылқалам шеберлердің суреттері назар аударады.

Бауырлас Түркия Республикасының Анкара қаласында Мұстафа Кемал Ататүрікке арналған АНТ қабірстан музей-мұражайы бар. Мұнда жас та, көрі де ағылып келіп жатады. Алып елдің түкпір-түкпірінен толассыз осында жиналатын мектеп оқушылары Ататүрік қабірінің басында Отанына, ұлтына адал болуға ант береді.

Бұл орайда біздің айтпағымыз, осындай музейлер мен мұражайлар, галереялар жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеп, патриоттық сезімдерін оятады. Жоғарыда айтқандарымызды қорытындылай келе айтар ұсынысымыз сол, Республикалық Ұлттық музейімізге көлемі үлкен тарихи понарамалық суреттер салынып қойылса.

Адамзат баласы тарихындағы түркі әлемі деген қастерлі ұғымның түпқазығы, рухани қара шаңырағы қасиетті Түркістанда бабалар рухы жаңғырып жатыр. Ежелгі Түркістан — тегі бір, ділі бір, діні бір күллі түркі халықтарының рухын асқақтататын руханият орталығы, рух астанасы.

Өзінің «Даналық кітабымен» әлемге танылған әулие баба Қожа Ахмет Ясауидің есімін Түркістаннан немесе керісінше Түркістанды Ясауиден ажыратып қарау да мүмкін емес. Ұлы ақын-әулиенің рухани көсем санаған мұсылмандар тоғыз жүз жылдан бері оның ілімімен бірге жасап келеді. Бұл жөнінде Қазақ елінің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында

ағынан жарыла былай деп жазады: «Түркістаннан тараған аса қуатты рухани сәулемен нұрланған түркілердің тұңғыш сопысы — Қожа Ахмет Ясауи 1093 жылы туған. Ол негізін қалаған исламның тылсым құпиясы — сопылықтың (суфизм) қарапайым халықтық нұсқасы тез



уақытта Қазақстанның солтүстігі мен шығысына дейін тарады. Қожа Ахмет Ясауи Орталық Азиядағы, оның ішінде Қазақстанда да, барлық түркі халықтарына ұлттық рухани ілім жүйесін өрнектеп берді.

Кеңестік дәуірде әрбір халыққа еркіндік беріледі деген даңғазға ұранның



патша саясатынан айырмашылығы шамалы еді. Ондаған жылдар бойында Түркістан қатардағы көп аудан орталықтарының бірі болып қала берді. Бұған кеңестік биліктің 70 жылы ішінде бұл шаһарда бірде-бір елеулі ғимарат (қонақ үй, мәдениет сарайы, театр) салынбағаны, ертеде өткен тарихи қайраткерлердің (хан, би, ақын, жырау, шешен) ешқайсысына ескерткіш белгі қойылмағаны дәлел. Тарихи мұраға деген жәбірдік көзқарастың асқынғандығы соншалық Әзірет Сұлтан кесенесінің кіреберіс іргесіндегі зираттарға қойылған мәрмәр тас (көк тас) қиратылып, кімнің сүйегі қай жерде қалғанын айырып болмайтындай хал орын алған. Бұл секілді қиянатты адамзат тарихынан іздеп табу қиын...

Қазіргі киелі Түркістанда классикалық философиялық, археологиялық, тағы да басқа бағыттарды кең өріс алдыру үлкен маңызға ие екенімен ешкім де

дауласа алмайды. Бұған білім ордасының ғалымдары өз үлестерін қосуға дайын. Олай дейтініміз, ғылыми әлеует бар. Бір таңқаларлығы сол, күні бүгінге дейін Ахмет Ясауи терең зерттелмеген, ұлы ғұламаның жеке өмірі, тарихы жөнінде там-тұмдап қана білеміз. Ясауи музейі қажет-ақ. Сондай-ақ осында жерленген хандарға, батырлар мен билерге арналған ашық аспан музейін іске қоссақ, қала мәртебесінің биіктей түсері сөзсіз. Осы орайда мына мәселелерге де баса назар аударсақ нұр үстіне нұр болар еді. Біз «Түркістан — мұражай қала» концепциясын ұсынамыз. Түркістан атырабында ескі шаһарлар тұтасып жатыр. Дәлірек айтар болсақ, 60 шақырым жерде Арыстанбаб кесенесі, 40 шақырым жерде ежелгі Сауран қаласы, Қаратау бағытына қарай 50 шақырым жерде Ұқаша ата, Жылаған ата және басқа да әулиелі жерлер, 40 шақырым жерде Сырдария өзені, жылы су көздері орналасқан.

Туризмді дамытуға сұранып тұрған қолайлы аймақ. Демек, қазба жұмыстарын кең бағытта жүргізіп, саяхатшылар тамсана тамашалайтын жағдай туғызу қажет. Ата-бабадан мирас болып қалған ұлттық қолөнерді жаңғыртып, оны жаңа сәулет өнерімен үндестіре білсек, қанеки. Осындай игілікті істерді Арыс-

оқытушы-профессорлардың сапалық құрамын талапқа сай жоғары дәрежеге көтеру болып табылады. Ғылым кандидаттары 300-ден асады. Профессорлар болса 100-ден астам. Бұл аз. Олардың санын 200-ге жеткізу көзделуде. Мұнан тыс Түркияның бірқатар университеттерінен 200-дей профессор кезек-кезегімен келіп, лекция оқуда. Білім мен ғылым және өзге де салалардағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту бағытында әлденеше университеттермен келісім-хаттамаларға қол қойылған. Олардың негізгілері — Гази университеті (Анкара қ.), Ақдениз университеті (Анталия қ.), Ерджиес университеті (Кайсері қ.), Стамбул университеті (Стамбул қ.) және т.б.

Білім ордасындағы оқу жүйесі мен зертханалар жаңа техникалармен және интернет жүйесіне қосылған компьютерлермен, интерактивті тақталармен қамтамасыз етілген, спутниктік байланыс жүйесі тұрақты пайдаланылуда. Шәкірттердің сапалы да тиянақты білім алуларына мол мүмкіндік бар.

Университетте қазіргі кезде 29 ұлт өкілі саналатын 10 мыңға жуық жас білім алууда. Оның ішінде түркітілдес 15 мемлекеттен келген 1200-дей студент пен тыңдаушы бар. Студенттер негізінен қазақ, түрік, ағылшын, орыс тілдерінде оқытылады. Сондай-ақ барлығы 54 мамандық бойынша білім алуға мүмкіндік болса, 30 мамандық бойынша магистратура, 3 мамандық бойынша резидентура және 11 мамандық бойынша докторантура (PhD) ашылған.

Халықаралық білім ордасында Ғылым орталығы жұмыс істейді. Оның құрамында Түркология, Экология және Археология ғылыми-зерттеу институттары бар. Университеттің ғылыми-зерттеу институттары Елбасының ұлттық бәсекелестікке қол жеткізу үшін ғылым мен білімді өндіріспен ұштастыру, отандық инновация жүйесін қалыптастыру бағытындағы алға қойып отырған талаптарды орындау жөнінде ғылыми-зерттеу аясын кеңейте түсуде.

Университет қабырғасында білім алып, түлеп ұшқан студенттер бүгінде елімізде және шетелдерде сан алуан салаларда жемісті еңбек етуде. Үздік бітірген түлектер жыл сайын Түркияның жетекші университеттеріне магистратура және докторантураға жіберіліп келеді. Жекелеген түлектер Түркияда, ТМД және Еуропа елдерінде лайықты биіктерден көрініп жүр. Аумағы 160 гектарды алып жатқан таңғажайып ботаникалық бақ та қасиетті Түркістанның көркіне көрік қосып тұр.

Елбасымыздың халыққа дәстүрлі Жолдауындағы «Ендігі ұрпақ — Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы — Мәңгілік Ел!» деген тебіреністі сөздерінің жүректерге ұялап, толқытқаны ақиқат. Кезінде Елбасының идеясымен шаңырақ көтерген білім ордасының студенттерін Мәңгілік Ел идеясы нұрландырып, патриоттық сезімдерін алаулата түсуде.

Алда тұрған өзекті мәселенің бірі

● ЕҢБЕК ҚОҒАМЫНА – 20 ҚАДАМ

Шебер – байқауда шынығады

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

"ССКӨБ" АҚ бөлімшелерінде "Алтын қор" кәсіби шеберлік байқауының іріктеу кезеңдері өтті. Еуразиялық Топ кәсіпорындары арасында үздік мамандарды анықтап, оларды жан-жақты ынталандыруға және жұмысшы мамандықтардың беделін көтеруге бағытталған конкурста 50 шақты жұмыскер қатысып, 7 аталым бойынша өзара сынға түсті. Үміткерлер алдымен 30 сұрақтан тұратын тестілік тапсырмаларды орындады. Одан кейін қиын да, қызықты саналатын практикалық кезеңге кезек берілді. Мұнда берілген тапсырмалардың барлығы қатысушылардың шеберлігін, тапқырлығын, шапшаңдығы мен шыдамдығын талап етеді. Мәселен, ауыр жүк көлігінің жүргізушілері белгіленген маршрут бойынша жалаушыларды жықпай аялдау, кен массасын түсіру, алдыға және артқа қарай "сегіздік" жасау сияқты тапсырмаларды орындаса, электр-газбен дәнекерлеушілер күрделі темір



бұйымдарды еңіс және тік бағытта дәнекерледі. Краншы қыздар ашылған сіріңке қорапшаларын кранның ілмегімен жауып, шеберлік танытса, экскаватор машинистері алпауыт техниканың шөмішімен бөрене ағаштарды жылжытып, су құйылған шелек-

терді бір орыннан екінші орынға тасымалдады. Ал, әділқазылар алқасы үміткерлердің тапсырмаларды дұрыс, әрі тез орындағанымен қатар қауіпсіздік техникасына де жете мән берді.

Айта кетерлігі, бытыр тұңғыш рет кен алыбының базасында ұйымдастырылған "Алтын қор" байқауында рудныйлық жұмыскерлер Дмитрий Туник, Сергей Гупалов, Феликс Гавриковтар бас жүлдені иеленген болатын. Биыл болса, аталмыш шеберлік сынында іріктеуде үздік нәтиже көрсеткен САТ технологиялық көлігінің жүргізушісі Сергей Шапранов, электр-газбен дәнекерлеуші Абай Меңлібай, экскаватор машинисі Виталий Сикун, электр жөндеуші Андрей Алисерец, бульдозер машинисі Василий Миханов, краншы Гүлсина Мұхамедиева мен темір ұстасы Вячеслав Синюкевич "ССКӨБ" АҚ намысын қорғайтын болады. "Алтын қор" 12-14 қазан күндері "Қазақстан Алюминий" АҚ мен "ЕЭК" АҚ базасында өтеді. Ендеше, жерлестерімізге тек қана жеңіс тілейік.

Елін сүйген азамат

Жерлесіміз Тұржанұлы Әбдудің өз заманында елді біріктіріп, білікті ұйымдастырушы болғанын көзі қарақты қариялардың барлығы біледі. Ол кісі Қайғы-Күйік топырағында 1908 жылы дүниеге келген екен. Әкесі Тұржан Пішенұлы зор денелі, асқан ақылды, сөзіне берік, иманды адам болыпты. Ол 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске Амангелді Имановпен бірге көпті бастап шыққанда, ауыл сарбаздарын басқарған жүзбасы болған. Күйік-Қайғы соғысында жүріп қаза тауыпты.

Әбду екі апасы – Биғайша мен Жаңыл және бір қарындасы Шөкенмен шешесінің тәрбиесінде қалады. Жасынан пысық ол жақсы тәрбие алып өседі. Төтеше сауат ашып, оны өте жақсы бағамен бітіріп шығады. Зеректігінің арқасында 26 жасында жаңа ұйымдасқан ұжымшарға басқарма болады. Колхоз Амангелді ауданындағы №12 ауыл. Сол ауылды көтеруге үлкен еңбек сіңірген жан. Кейін ауыл Амангелді ауданы көлемінде үздік атанды. Колхоз, совхоз болып құрылғанда, ағамыз директордың орынбасары болып 5 жыл қызмет істеді. Осындай еңбегінің арқасында жоғары марапаттарға ие болды.

Әбду Тұржанұлы ауыл шаруашылығында ұзақ жылдар үздіксіз еңбек еткен жан. Ол кісіні Науырзым, Амангелді мен Торғай топырағындағы үлкендердің білмейтіні кемде-кем. Өйткені, Қостанай, Торғай, Әуликөл тас жолы Әбду туған Қайғы қонысы арқылы өтеді. Керуен бұл жерге ешуақытта соқпай-қонбай өткен емес. Торғай-Амангелді аудандарының басшылары да әрі-бері өткенде, Әбдудің үйіне түсіп, қонып кететін.

Әбдікең қатты ауырып жатқанда, келіп хал-жағдайын білгенімде, қатты қуанды. "Ал шырағым, маған Қостанайдан 3 метр берен, 3 келі үнді шайын әкеліп бер", – деді. Мен тез бір күн ішінде қаладан айтқандарын алып келдім. Бетімнен сүйіп, батасын берді. Ағаның соңғы сөзі "Мен Балтабайға ризамын, құдайға сенемін", – деді. Ағайыммен жақсы сыйластым. Әбду аға елге елеулі, халқына қалаулы адам еді. Ел азаматтары Әбду ағаны құрметтеп, сыйлады. Ол кісі төрт ұлын, үш қызын оқытып, бөріне жоғары білім алуына ерекше мән берді. Ағада өтірік айту жоқ, өсек сөзден таза болатын. Шыншыл болды, таза еңбек етуді ұнататын адам еді. Бұл күнде балаларының барлығы Садчиковта тұрады, бөрінің үйлері бар, бөрі қызмет етеді. Бір-бірімен тату, сыйлас. Ал, немересі Нұрлан Әбдуовтің облыстық жер қатынастары басқармасын басқаруы да ол кісінің тегін адам болмағанын аңғартады.

Биыл ағаның балалары бірігіп, ақылдасып, аталарына ас берді. Құран бағышталды. Оған жұрт көп жиналды, жылы лебіздер айтылды. Халықтың тілегі қабыл болсын дегеннен басқа айтарымыз жоқ.

Балтабай ҚАЗИЕВ,
Ұлы Отан соғысының ардагері.

Ұялы телефон ұрлығы тыйылмай тұр

Жыл басынан бері қостанайлық полицейлер 503 ұялы телефон ұрлығын ашты. Тәртіп сақшыларының айтуынша, тұрғындармен түсінік жұмыстарының жан-жақты жүргізілуіне қарамастан, өңірде ұялы телефон ұрлығы тыйылмай тұр.

Негізгі себеп – мүлік иелерінің бейқамдығы, жауапсыздығы. Олар телефондарын дүкендерде, кафелерде, басқа да жерлерде қараусыз қалдырып кетеді. Мысалы, қостанайлық жігіт ұялы телефонын кафедегі столда қалдырып кеткен. Бір әйел оны көріп иемденіп кетпек болды. Бірақ сол күні кеште оның ұрлығы әшкере болды. Осындай оқиға облыс орталығындағы бір дүкенде де тіркелді. Дүкенге келушілердің бірі ұялы телефонын сөреде қалдырса, екіншісі оны қалтасына жытырған. Қазір осы фактілер бойынша соталды тергеу жүргізілуде.

Тойға ақша керек болып...

Рудный қаласының тұрғыны тойға қажетті ақшаны банктен ұрламақ болды. Күдіктіні қылмыс үстінде банк күзетшісі ұстап алды.

Жігіт банктен тойға деп кредит алмақ болған. Банк қызметкерлері кредит бермей қойғасын ақшаны ұрламақ болғанын айтты. Енді 26 жастағы күйеу жігіт ұрлық жасағаны үшін жауапқа тартылды. Қылмыстық іс қозғалып, соталды тергеу жүргізілуде. Сондай-ақ, дүкендердің бірінен сыртқы қадағалау камерасын ұрламақ болған екі рудныйлық жігіт "Баярд" күзет кәсіпорны қызметкерлерінің қолына түсті. Күзет қызметкерлері Б.Жабағин, Қ.Доспанов және Е.Мүкимов Рудный қаласы ІІБ басшылығының грамоталарымен марапатталды.

Екі теректі кесіп, істі болды

Табиғат қорғау полицейлері екі теректі заңсыз кескендерге қатысты қылмыстық іс қозғады.

Москалев кентінің тұрғыны 24 қыркүйек күні екі теректі кесіп тастаған. Бұл туралы селолық әкімдіктегілер білгесін, полицияға арыз берген. Оқиға болған жерге келіп жеткен полицейлер ағаш кесу фактісін анықтады. ҚР ҚК 340-1 бабы бойынша соталды тергеу жүргізілуде.

● ТКШ-НЫ ЖАҢҒЫРТУ

Тұтынушылар берешегі өсуде

Ермекбай ХАСЕНОВ

Бұл мәселе қашанда ұмытылған емес. Пайдаланылған жылуға ақы төлеуге әркім түрліше қарайды. Қалтасы ақшаға толса да өтемақыға мән бермейтіндер де бар. Кәсіпорын басшылары солармен үнемі күреседі. Себебі, үгіт-насихат жұмыстарына құлақ аспайтындармен тек сот арқылы шешім қабылдауды заман талап етіп отыр.

Жыл басынан бері қырық рейд жүргізілді. Жүзден астам пәтер иесіне берешек туралы ескертілді. Солардан алынатын ақша көлемі – бес жарым миллион теңге. Олар берешегінен құтылғанға дейін қатаң шаралар қолданылды. Ыстық суды беру шектеледі. Қарыздарды жинау қарқынды жүргізілгенмен жаз айларында төленбеген ақы 119,1 миллион теңгеге жетті.

Қыс айларында бес жүз мыңнан астам тұтынушыға есептік-хабарлама жасалды. Бір миллион данадан астам ескерту қағазы үлестірілді. Тұрғын үйлердің есігінің алдындағы

ақпараттық стендке өтемақыны төлемегендер тізімі жарияланды. Бақылаушылар заңды тұлғалармен де жұмысты тоқтатпады. Оларға да қатаң ескертіліп, кінәлілер тиісінше жазаланды.

Қостанай жылу энергетика компаниясы табысы аздау отбасыларға қамқорлық жасауды күн тәртібіне қойды. Оларға белгілі көлемде төлемақы құнын беру дәстүрге айналды.

Кейбір кәсіпорындар қаржы мұқтаждығына тап болғандықтан берешектері шаш етекпен келді. Атап айтқанда, жұмысы тоқтатылған елу кәсіпорынның қарызы жиырма тоғыз миллион теңгеге жетті.

Тексере келгенде мұндай нысандар банктер арқылы таратылғаны анықталды.

Құрылыс ұйымдары пайдаланылған жылу энергиясына ақы төлеуді міндет деп санамайды. Он бір нысан екі жылдан астам уақыт бойы 27,8 миллион теңгеге қарызға батқан.

Бюджет ұйымдары қызметкерлері де жауапкершілікті терең сезіне бермейді. Оларға да ескерту жасамай болмайды. Коммуналдық қызметтерге бере-

шектер тізімі бюджеттік ұйымдарға жазбаша түрде әй сайын хабарланып отырады.

Қандай шаралар қолданылса да берешек туралы ойламайтын тұтынушылар әлі де азаяр емес. Сол себептен олармен тек сот арқылы есептесуге тура келеді. Бұл тұрғыда Қостанай қалалық соты және облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот едәуір жұмыстар атқаруда. Мәселен, тамыз айында қалалық сотқа бес жүзден астам арыз жолданды. Жылу үшін қарыз 44,07 миллион теңгені құрады. Облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотқа шағым (79 22 миллион теңге) жасалды.

Тамыз айында заңды тұлғаларға сегіз рейд ұйымдастырылды. Он үш нысаннан соттың шешімімен алты миллион теңге өндіріліп алынды.

Мамандар жеке тұлғалар бойынша 469 пәтер иесімен кездесті. Олардың жылуға төлемеген ақысы – 1885 миллион теңге. Ақшалай төлей алмағандар жылжымайтын дүниелерін берді.

● САНДЫҚ ТВ



тық шешімдегі арналардың санын арттыруға мүмкіндік туғызу және айқындылығы жоғары (HD-форматтағы) арналарды көрсете алуында. Сондай-ақ, сандық жерсеріктік телерадиохабар тарату отандық телебағдарламаларды шалғай жатқан аумақтарына жеткізу мәселесін шешуге мүмкіндік туғызды. Соның негізінде "Katelco+" жерсеріктік телехабар тарату желісінің 6500 абоненті автоматтық түрде жаңа ұлттық жерсеріктік "Otau TV" желісінің абоненттері боп шыға келді. Осы сынақтан өткен соң 2011

ғой. Алғашында орналастырар алдында түкке де түсінбедік. "Оның керегі не? Қайтесің? Бұрынғы арналарымыз да жетеді емес пе?" деп отағасына кейігенім де бар. Артынан бәрі керісінше болды, – деді.

Бір кезде Серікбай мен Сараның немерелері Берік пен Бауыржан екінші бөлмеден жүгіріп келіп: "Ата, әже, "Балапанды" қосыңызшы, мультфильм көреміз. Уақыты болды" деп теле тетікті алып, "Балапан" арнасына ауыстырып, өздерінің сүйікті мультфильмін тамашалай бастады.

Соңғы уақытта "OTAU TV" ұлттық жерсеріктік телехабар тарату желісі барлық абоненттері үшін – "Телегазет" атты жаңа сервисінің қолжетімді болғанын хабарлаған. Енді барлық абоненттер телеарналарды тамашалап қана қоймай, республикалық "Егемен Қазақстан" және "Ка-

Дөңгелепенген дүние

"OTAU TV-да"

**Нұрболат
МЕШІТБАЕВ**

Соңғы он жылдың көлемінде елімізде отандық "OTAU TV" Ұлттық жерсеріктік телехабар тарату желісінің қызметі қарқын алып келуде. Қазірдің өзінде мамандардың мәліметіне сүйенсек, бұл жерсеріктік телевизияны Қостанай облысы аумағында халықтың 70-80 пайызы пайдаланып отыр. Алдымен, оқырманға түсінікті болу үшін жерсеріктік телевизия дегеніміз не? Оны қалай пайдалануға болады? Сол сұраққа жауап беріп көрейік.

Жерсеріктік телевизия – Жердің жасанды жерсерігі (спутник) арқылы сигналды тарату арқылы бейне-деректерді жіберудің тәсілі. Жердің жасанды жерсерігі арқылы деректерді ретрансляциялау, яғни, тарату түрі технологиясы бұл күні ең қажетті талап етілетін әрі бұқара халық пайдаланып отырған замануи технологияның бірі болып табылады. Себебі, планетаның кез келген нүктесінде тұрақты сигналды қабылдауға мүмкіндік береді.

Бұл туралы аталған телеарналарды диллерлер арқылы таратып отырған мамандардың бірі Марат Жексенбин кеңінен түсіндіріп берді.

– Өздеріңіз білесіздер, қазір жерсерігі арқылы ғаламдық жаңалықтарды жылдам таратудың кең жүйесі енгізілді. Соның ішінде еліміз де алға дамып келеді. Сигналды жерсеріктік ретрансляциялаудың негізгі артықшылығы деректерді жіберу арнасының кең ауқымдылығы болып табылады. Әсіресе, дәл осы жайт жерсеріктік телевизияның негізгі артықшылықтарының бірі, яғни, бейненің жоғары сапасы мен телевизиялық арналардың үлкен санын анықтайды. Жердің жасанды жерсерігі сигналды жіберудің қолжетімді құнын ескере отырып, трансляцияның бағасы/сапасы үздік арақатынасын аламыз және арақатынас соңғы жылдары жерсеріктік телевизияның қарқынды да-

муына жағымды жағдайлар жасады. Соның бірі – отандық "OTAU TV" ұлттық жерсеріктік телехабар тарату желісі, – деп Марат Нұрахметұлы телехабар таратудың қыр-сырын тәптіштеп айтып берді.

Негізінен, "OTAU TV" ұлттық жерсеріктік телехабар тарату желісінің тарихы 1995 жылдан бастау алады. Өйткені, дәл осы жылы Қазақстан Республикасы Intelsat Фарыш байланысы Халықаралық ұйымының мүшесі болып, "Шағын Intelsat" жобасының аясында бұрынғы "Жарық" жүйесінің шамамен 500 жер бетіндегі қабылдау стансасы Intelsat 510 жерсерігіне ауыстырылды.

Сол уақытта телехабар таратуды қамтудың аумағы – Қазақстан, Орта Азия, Ресейдің Еуропалық бөлігінің оңтүстігі, Батыс сибірдің оңтүстігі, Қытайдың солтүстік-батысы мен Батыс Моңғолияны құрады.

1996 жылдың ақпан айында Алматыда Қазақстандағы телекоммуникацияларды дамыту жөніндегі тұңғыш халықаралық конференция өткізіліп, оның басты мәселесі Ұлттық Жерсеріктік телерадиохабар тарату және Мәліметтер жіберу жүйесін талқылау мен осы жүйені құру үшін тендер жариялау болды. Конференцияда көп түрлі ұсыныстар түсіп, солардың нәтижесінде негізгі серіктес ретінде – COMSAT компаниясы құрылды. Бұл компания 1997 жылдан бастап "Орталық Азиядағы желілік компьютерлік қосымшаларға арналған жаңа нарықтарды дамыту" (DENEMA) жобасының негізгі орындаушысы болды, әрі бұл жоба Орталық Азия елдерінде ЮНЕСКО мен Еуропалық комиссияның қамқорлығымен жүзеге асырылды. Сөйтіп, дами келе бұл компания бірнеше жобаларды іске асырып, 2010 жылы 11 желтоқсанда "Қазақстан телекоммуникациялары" АҚ жерсеріктік желісі жерсеріктік хабар таратудың жаңа DVB-S2 MPEG 4, 8 PSK стандартына көшірілді. Жаңа стандарттың ерекшелігі – стандарт-

жылдың 18 қаңтарында жерсеріктік желісі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен салтанатты түрде іске қосылды.

Міне, содан бері бес жылдың ішінде "OTAU TV" ұлттық жерсеріктік телехабар тарату желісі тек еліміздің ғана емес, көршілес мемлекеттердегі қандастарымыздың сүйікті телевизиясына айналды. Бір ғана Қостанай облысы аумағында бұл телехабар тарату жүйесін енгізген жандардың, соның ішінде шалғайдағы ауыл адамдарының қуанышында шөк жоқ. Солардың бірі – Серікбай Қабылов. Ол – Қарасу ауданы Октябрь кентінің тұрғыны. Отандық телехабар таратудың бұл жүйесін қосқанына үш жыл болыпты.

– Әлі есімде, 2011 жылдың 18 қаңтарында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен елімізде "OTAU TV" Ұлттық жерсеріктік сандық телерадиохабар тарату желісі қосылды. Алғашында бұл жаңалыққа бей-жай қарай салғанмын. Содан соң екі жыл өтпей-ақ көршілерімнің барлығы "OTAU TV" алды. Тап-таза көрсетеді. Бала-ларға арналған арналар да бар. Қазақстанның барлық жаңалығынан хабардар болып отырсың деп қызықтыра түсті. Көп өтпей менің де қолым жетті "OTAU TV" жүйесіне, – деді Серікбай Аңсағанұлы.

Сол сәтте отанасы Сара Уәлиханқызы да сөзге араласып:

– Расында да бұл жүйеге қосылуымыз, әсіресе, немерелерімізге жақсы болды. "Балапан" арнасында қазақи тәрбиелі, мағыналы хабарларды көреді. Қазақстанның шалғай орналасқан елді мекендерінің тұрғындарына 37 отандық және шамамен 50 шетелдік телерадиоарнаны көруге мүмкіндік береді

захстанская правда" басылымдарының электрондық нұсқасын теледидар экранынан оқи алады. Аталған сервис тегін ұсынылады, материалдар газет редакциясымен басылымның жарыққа шыққан күні жаңартылып отыратын көрінеді. Аталған ұсыныс келесі қабылдағыштарда жұмыс жасайтын көрінеді:

Жерсеріктік цифрлық ресиверлер DVB-S2:

- S2400ND моделі, өндіруші – Homecast
- Kaon моделі –
- HS8871R моделі, өндіруші – Skyworth
- HD MT 330 моделі, өндіруші – Mitio

Ескерте кететін бір жайт, Skyworth, Kaon, Mitio, Homecast қабылдағыштарының жұмыс істеуі бірдей, ал теледидар экранында шығатын бейне дизайны, өндірушіге байланысты аздаған өзгешеліктер көрсетуі мүмкін.

Бір ғажабы 3000 халқы бар Октябрь кентінің тең жартысы "OTAU TV" Ұлттық жерсеріктік телехабар тарату желісін пайдаланады екен.

СУРЕТТЕ: Серікбай Аңсағанұлы мен Сара Уәлиханқызы, келіні Диана және немересі Берік "Хабар" арнасынан жаңалықтар көруде.

Суретті түсірген автор.

● БІЛІМ

Аяулы да ардақты тұлға

Оңашада отырып ұстаз туралы ойға кетсем, көз алдыма жарқын мінезді, ақ жүректі, жылы жүзді ұстаз бейнесі келеді, мені қиялға батырады, ұстаз туралы бейнелі теңеулер айтуға жетелейді. Ұстаз бейнесі – шәкірт үшін адамгершіліктің ең жоғары үлгісі. Ұстаздың лаулаған жалыны әр жүрекке жылу сеуіп, нұр құятын қуаттың, өмірдің қайнар көзі болып табылады. Мұғалім – өзінің бар күшін, бүкіл өмірін бала тәрбиесіне бел буған адам.

Мен – Ыбырай Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттың оқушысымын. Мектебімізде көптеген тәжірибелі де білімді ұстаздар жетерлік. Сондай аяулы да ардақты ұстаздардың бірі – Қалима Хасенова. Ол – математика пәнінің қыр-сырын оқыта білетін құрметті ұстаз. Қалима Есімханқызы – мектебіміздің аса қадірлі тұлғегі. Қостанай педагогикалық институтын бітіріп, көп



ойланбай-ақ өзі білім алған ұяға мұғалім ретінде жұмысқа кірген болатын. Содан бері неше күз, неше қыс өтті, қаншама шәкірт тәрбиелеп өсірді. Ол – ешкімге ұқсамайтын еңбекқор, білімді, мейірімді жан. Бәрімізді өз баласындай көріп, ақыл айтып, көп нәрселерді үйретіп жүретін бұл жанның орны мен үшін қашан да ерекше. Бойын-

дағы бар ерік-жігерін аямай, шәкірттерін білім әлеміне қызықтырып оқытып, бар білімін бізге беріп жатыр. Ұстазымның тапқырлығына, еңбекқорлығына ерекше таң қаламын. Апайымның жанары сондай нұрлы да шуақты. Біздің барлық сабақтарымыз өте қызықты өтеді. Ұстазымның бізге берер тәлім-тәрбиесі – үлкен таусылмас байлық. Қалима Есімханқызы – зерделі де зерек, парасатты, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бойымызға дарытқан ерекше тұлға.

Жыл сайын қоңыр күзде келетін мұғалімдер мерекесі таяп қалды. Білім көшін жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымына құрмет арта берсін дегім келеді! Ұрпақтың ұлы мұрат жолында талмай еңбек етіп жүреберіңіздер!

Дарина БАЗЫЛЖАНОВА,
11-сынып оқушысы.
Қостанай қаласы.

Ұстаз болу – жүректің батырлығы

Мұғалім үлкен-кішінің өміріндегі басты тұлғасы деп айтар едім. Бойындағы асыл қасиеттерін шәкірттеріне сіңіріп, тер төгеді. Сондай асыл жандардың бірі – Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының мұғалімі Ақерке Қасыбаева. Мұғалима апайымыз мені, менің достарымды, сыныптастарымды математика әлемінің құпияларына жетелеп, сандар әлемімен таныстырады. Бүгінде жүрегі кең мұғалімнің алдында қосу мен азайтуды ғана біліп келген оқушы бала кез келген прогрессия, интеграл, туындылар мен геометрия салаларын меңгеріп шығады. Ақерке апайдың сабағына келгенде бәрін ұмытасың, әрбір айтылған формула, жазылған есеп жадында сақталып қалады, сондықтан апайдың әр сөзін өткізіп алмауға тырысасың. Ұстазымның осы айтқандарын достарыма көрсетіп, тақтаға шығып дәлелдегің келеді. Бұл да бір сиқыр күш сияқты емес пе?!

Ақерке апай – нағыз ұстаздардың барлық қасиетін бойына сіңіре білген сегіз қырлы, бір сырлы мұғалім. Өмір бойы жан-жақты өнер-өнегені дамытып, оқушыларының бойына да сол қасиеттерді сіңдіруге тырысады. Ақерке Терекбайқызы – нағыз дос. Сабақ уақытында өз өмірінен қызықты оқиға айтып, өлең оқып, көңілімізді көтереді. Сол себепті сабақтары көңілді өтіп, демалып шығасың.

Абай ағамыздың "Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға" деген сөзі Ақерке апайымызға арналғандай. Ұстаз жай ғана білім бермей, еліміздің болашағының жарқын болуына үлкен үлес



қосып отыр.

Абзал ОРЫНБАЕВ,
Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының 11"Б" сынып оқушысы.
Қостанай қаласы.

Тәуелсіз Қазақстанда өркениетке бастар жолдың бастауы, тірегі – мектеп, ал мектептің басты тұлғасы, жүрегі мұғалім екені сөзсіз.

Ұстаз да диқан сияқты, ол әр адамның бойына білім дәнін себеді. Шәкіртін білім нәрімен сусындатып қана қоймай, аялап-өсіріп, өмір атты шексіз ғаламға топшысын қатайтып ұшырады.

"Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден ба-



Мұғалімдерді мақтан тұтамын

лаға", – деп Абай ағамыз берер айтпаса керек. Мен өзім А.Құнанбаев атындағы №6 орта мектебіндегі асыл ұстаздарымның алдында білім нәрімен сусындап келемін. Менің мектебімдегі ұлағатты ұстаздарым да шәкірттерін білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өз бойындағы асыл қасиеттерін шәкіртінің бойына сіңіріп, олардың салауатты өмір салтына сай жақсы азамат болып өсуі үшін көп тер төгуде. Елеулі еңбектерімен шәкірт жүрегінен орын тауып, елінің мақтанышы бола білген, білімді де, білікті ұстаздарымды мереке қарсаңында атап өтсем деймін. Мәселен, мектеп басшысы Қадір Жүнісұлы Жүнісов (физика пәні мұғалімі) "еңбегіне қарай өнбегі" деген қағидаға сай "Ұлт – азаттық көтеріліске 100 жыл" медалінің иегері атанса, оқу ісінің меңгерушісі – Гүлнәр Балғақызы Шамшина қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары сәнатты, ізденісі мол, шығармашыл ұстаз. Сонымен қатар, осындай жоғары дәрежелі басшылармен қатар, еңбегі елеулі ұстаздарым да баршылық. Менің осы шығармашылық жолымдағы жетекшім, әрі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі – Байгенжина Злейха апайдың

еңбегі ұшан-теңіз. Білім беруге ғана шектеліп қоймай, оқушыларын шығармашылыққа шыңдап, ізденіске жетелеумен келеді.

Біздің жан-жақты да жалықпас ұстаздарымыз "дені саудың – жаны сау" деген негізде спорттық тәрбиеден де қалыс қалған емес. Мектеп оқушыларының жоғары дәрежеге көтеріліп, спорттан жақсы көрсеткіштерге жетуіне Дәулет Жүсіпов, Дәулет Шалабаев сынды ұстаздарымыздың да еңбегі ескерусіз қалмасы сөзсіз. Қай салада болса да оқушылармыздың жақсы жетістіктері – біздің ұлағатты ұстаздарымыздың еңбегінің жемісі екенін дәлелдейді.

Ең аяулы есім ғой

"Ұстаз" деген,

Бар тіршілік бақытты

ұстазбенен.

Ұстазды жеткізгенше

мұратына,

Білім іздеп лапылдап

жана берем,

– дей келе, барша аяулы да ұлағатты ұстаздарымды төл мерекелерімен құттықтай отырып, еңбектеріне табыс, жанұяларына бақыт тілеймін.

Ғұмыр ЖАМБЫЛОВ,

А.Құнанбаев атындағы

№6 орта мектебінің

7"а" сынып оқушысы.

Арқалық қаласы.

Біз Күләштің, Розаның (Бағыланованы айтсам), Ермектің, Бибігүлдің әндерін тыңдап өскен ұрпақ едік. Сондықтан болар, қазіргі жас әншілердің дауысына, ән орындау шеберлігіне талғампаздықпен қараймыз.

Олар ырғалақтап билемей-ақ, бір орында тұрып-ақ, сыңғырлаған сұлу да сүйкімді дауыстарымен әрі ерекше орындаушылық қабілеттерімен тыңдарман қауымды тәнті ететін. Біз концертке бүгінгідей артында қосарлана билеп жатқан билері үшін емес, сүйікті әншілеріміздің өнін тыңдауға, дауысын естуге баратынбыз.

Иә, олар шынында да өмірге бір ғасырда бір-ақ келер тумалар болатын...

Құдайға шүкір, бүгінде Бибігүл апаларың сахна төрін тастамай орталарыңда жүр. (Мен мұны жас әншілерге арнап айтып отырмын). Ол кісі сахна төрінен көрінгенде залда отырған дүйім жұрт дүркірей орындарынан тұрып сәлем береді. Неге дейсіз ғой? Бибігүл сонау жастық шағынан бастап-ақ өзінің әсем дауысымен халықты баурап алған. Бибігүл өмір

тандау жөнінен қателесіп жүргенге ұқсайды. Халық әні "Тауһартасты" Бибігүлдің орындауында естімеген, оны тамсана тыңдамаған қазақ кемде-кем болар. Бұл ән иірім толқындары көп, құс қанатындай шырқау биікке самғар, еркін дауыспен шырқап салар қиын да ғажап ән ғой. Сол себепті "Тауһартасты" батылы жетіп кез келген әнші айта алмайды. Ол тек Бибігүлге бұйырған. Бибігүлдің әні. Әннің сұлулығын тек Бибігүлдің дауысы жеткізіп тұрғандай сезінесің. Бұл әнге шамасы келмейтін әншілер қол тигізуге болмайтын ән.

Амал не, осыдан 3-4 жылдың шамасы бұрын бір үш қыз "Тауһартасты" қосылып айтып бұлдіргені бар. Ыңырсыды ма, қыңсылады ма, әйтеуір әнді масқара етіп, қорлағаны сонша, быт-шытын шығарды. Оны естіген адам жайбарақат қала алма-сы анық еді. Апырмай, мынаны естісе Бибігүл қалай шыдап отыр екен деп ойлады.

Авторы жоқ, демек иесі жоқ деп ойлай ма екен. Әсіресе халық әндерін жаңаша "құбылпақ" болып, бұлдіріп айтатындар

бай Молдағалиев сынды айтулы ақында-рымыз жазды емес пе? Ол "аспанға қараймын, жұлдызды санаймын" дегендей жадағай, мәнсіз мәтін емес. Ол өлеңдер терең оймен, үлкен сезіммен жазылған. Шәмші әндерінің сөздері әнмен бірге туындағандай. Әдемі үйлесім тапқан. Ән мен өлең сөзі екеуі бірге үн қосып жарасымдылықпен үндесіп жатса әннің бағының жанғаны ғой. Бұл жерде Шәмші әндері көп айтылып жүргендіктен мен оны мысалға алып отырмын. Жалпы барлық әннің мәтіні туралы ескерілетін мәселе бұл.

Осындайда Роза Бағыланованың орындауындағы әндер еріксіз еске түседі. Роза әннің әр сөзіне жан бітіре шырқайтын. Және әннің әр сөзін тәтті етіп әсемдеп жеткізетін. Ол кісінің орындауындағы әннің әр сөзі (тайға таңба басқандай) апанық әрі әуезді естіліп жататын.

Әннің не айтқысы келетіні оның сөзінен білінбей ме? Ақын жазған өлең сөзі — әннің тілі емес пе. Сол тілді әуезде-те әнмен қоса, әсем дауысымен, терең се-

көпшілік қауым тек Сәкен Ғалымовтың орындауында тыңдағылары келетіні белгілі. Бұл әнді Сәкеннен өзге әншінің орындағанын естімеппіз де көрмеппіз. Сол сияқты "Көк тудың желбірегені" өнін Ибрагим Ескендірдің орындауында халық сүйіп тыңдайды. Бұл ән елді, жерді, Отанын сүйуге арналған нағыз патриоттық әннің өзі. Сөзі мен әні қандай үйлесім тапқан десеңізші! Соңғы жылдардағы сағынтып келген, сәтті шыққан әндердің бірі. Осы әннің жиі беріліп тұрмайтыны өкінішті-ақ. Осындай ғажап әнді тек Ибрагимнің орындауында тыңдағысы келеді көпшілік. Өйткені ондай ешкім әсерлі етіп айта да алмайды. Әннің шырайын шығарып халыққа жеткізетін әнші ғой. Жақында тағы да осы әнді 4-5 жігіт қосылып айтып берекесін кетірді. Не сөзінде мән болмай қалды. Әннің де қисыны кетті.

Соңғы кездері адам танып түсіне алмайтын, татымсыз да, талғамсыз "әндері" белгі бере бастады. Нотаны құрап-сұрап әлдебір әнсымақты жасауға болатын шығар. Бірақ ол халық жүрегіне жетпейді ғой. Бүгінгі сазгерлердің мықтап естеріне сақтайтын бір нәрсе бар. Ол — ұлттық мақам, ұлттық әуен. Бұл әрбір сазгердің жаңа әнінде сақталуы тиіс. Егер ұлттық мақам болмаса ол қазақтың әні болмағаны. Әрбір ұлттың өнін естігенде оның қай ұлттың өні екенін әуеніне, мақамына қарап бірден айырамыз. Тіпті әуені бізге ұқсастау қырғыз өні де "мынау қырғыз өні" деп бірден танимыз. Әрбір ән, музыка оның тілі сияқты өз белгісін танытады. Музыкада тіл жоқ дейді. Бірақ онда ұлттық белгі бар. Сазгер болсын не жазушы, ақын болсын, олардың шынайы шығармалары оңайлықпен келе салмайды. Терең ой, жүрек толғанысынан, жан дүниесінің тебіренісінен барып, жақсы, шынайы шығарма келеді дүниеге. Жүректен шықпаған жүрекке жетпейді деген тұжырым содан айтылса керек.

Атақты сазгер Сейдолла Бәйтерековтың мына бір сөзін естігенім бар. "Мен машина жүргізуге қорқам. Өйткені, жол үстінде көңілімді билеген бір әуен белгі берсе, жан дүнием бәрі соған ауып, басқаның бәрін ұмытамын" деген екен. Бұл адамға Алланың берген қасиеті, талант, дарыны. Жайдан-жай ешкім де қанша ұмтылғанмен жазушы да ақын да, сазгер де бола алмайды. Әншілік жол өзгереді. Оған да Алла берген ерекше дауыс керек. Одан соң оқу, тоқу өзіне басқа. Ал, осы күні дауысы бар ма, жоқ па бәрі де әншіміз деп жүр. Дауыс кемшілігін ырғақтаған бимен толтырғысы келетін сыңайлы. Талғамы жоқ көрермендер соған да мәз болатын сияқты.

Иә, қазақ халқы әнге құштар халық. Той-томалақта "әу" деп ән салмайтын қазақ жоқ. Оқымай-ақ, тоқымай-ақ, консерваторияны бітірмей-ақ Ақансері, Біржан сал, Әміре Қашаубаев, Құрманғазы, Дина сияқты талай әнші, күйшілеріміз шыққан. Тіпті күш атасы Балуан Шолақ та ән айтып, ғашығына арнап Ғалиясын шығарды емес пе?!

Иә, біз талантты халықпыз. Бірақ, барымызды бұлдірмейікші, жаңаша құйқылжытамыз деп, заманауи әнге айналдырамыз деп, барымыздан айырылып қалмайықшы, ағайын!

**Ханзипа КӘКІМЖАН,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі.**

● АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Барымызды бұлдірмейік

бойы ғажайып өнерімен халқына қызмет етіп, олардың шексіз сүйіспеншілігіне бөленген адам.

Бірде шетелге шыққан өнер қайраткерлерінің ішінде атақты классик жазушымыз Ғабит Мүсірепов те болса керек. Сахнада бұлбұл үнімен шырқап тұрған Бибігүлге риза болғаны соншалық, "Шіркін біздің Бибігүлді әлемнің небір үлкен сахналарынан ән салдырып көрсетуге тұрарлық-ау!" деген екен. Ұлы жазушымыз айтқанындай, Бибігүл өзін ғана емес, бүкіл қазақ халқын да әлемге паш еткен ғажайып әнші, ұлы тұлға, халқының маңдайына біткен жарық жұлдызы. Міне, жұлдыз деп кімдерді айтуға лайық екені енді түсінікті болар.

Бірақ, олардың біреуі де, не Күләш, не Роза, Ермек пен Бибігүл де "біз жұлдызбыз" деп айтпапты. Тіпті сондай мақтан сөзді ауыздарына алу олардың ойларына да келмеген болар. Қарапайымдылық деген қадірлі қасиет қой. Халқымыз Бибігүлді сол қарапайымдылығы үшін де қатты құрметтейтін болар.

Сыңғырлаған күміс көмей Күләштің әсем дауысын естіген жан ұмытар ма?! Күләштің салған "Гәкку" өнін білмейтіндер шамалы шығар. Рас, Күләш өмірден озғалы ұзақ жылдар өтті. Ұрпақ ауысты. Оны көзбен көріп, құлағы естіген көзкөргендер де азайып келеді. "Гәкку" өні айтылғанда еріксіз Күләш еске түседі. Күләш десек, "Гәкку" өні түседі еске. Өйткені "Гәкку" Күләштің орындайтын төл өні болатын. Талант табиғаты сол ән мен әншіні бірге жаратқандай еді ғой. Содан бері "Гәккуге" ие болып, дәл Күләштай айта алатын әнші болды ма?! "Гәккуді" айту үшін Күләштің дауысынадай дауыс керек шығар.

Осы күнгі "жұлдыздардың" бірі — ер дауысты әншінің Күләштің "Гәккуін" орындағаны есіме түсіп отыр. Тыңдайын деп тыңдағам жоқ кездейсоқ естіп қалдым. "Гәкку" өні ер дауысқа мүлде келмейді-ақ, келмейді. Мына жігіттің соған батылы барып орындағанына таң қалдым. Әнге әншінің дауысы тіпті де үйлеспей тұрғанына қарадай ұялдым. Жәбірленген "Гәккуді" де аяп кеттім. Ән айтқанның жөні сол екен деп, нәзік сезімді, әсем әнді белден басуға бола ма екен. Күләш айтқан "Гәкку" сопрано дауысты әйел адамның дауысына келеді емес пе?! Осы күні қайсыбір әншілер репертуар

жиілеп барады. Жап-жақсы дауысы бар, бұрын өзім құрметпен қарайтын бір әнші ініміз (баламыз десем де болады, атын айтпай-ақ қояйын өзі де сезер) "Айқаракөк" өнін құрдымға жіберді. Айқаракөк, тіпті, Айқаракөк өніне ұқсамай кетті. Әп-әдемі ән еді.... дегендей мына бала бұлдірді-ау деп, қарадай қапаланып қалдым. "Айқаракөк" өнін Майра Мұхамедқызының және Мәдина Ералиеваның да орындауында сүйсіне тыңдаған едім. Әннің төресі ғой Айқаракөк!

— Сіз бұл әннің қадіріне жете алмасаңыз, жоғарыда аты аталған екі әншінің орындауындағы жазбаны тыңдап көріңізші. Әннің обалына қалғаныңызды сонда түсінерсіз, — деп, әнші балама кеңес берер едім. — Және айналайын, бұлдіретінің бар, бұл әнге ендігері тиісе көрмеңізші! — деп өтініш айтқым келеді.

Халық өні — халық қазынасы, асыл мұра. Халық әндерінде ұлттық колорит басым. Оны өзгертемін деп қол сұғуға ешкімнің хақысы жоқ. Бұл үлкен қиянат. Біреудің шығармасына қол сұғу деген заң жүзінде де кінәрат, тіпті қылмыс деуге болады. Халық әндерінің де бір кездері авторы болған. Тек ұзақ жылдардан соң ұмытылған. Бірақ, ән сол қалпында халық жадында сақталған. Халық аузында жатталып бірден бірге бізге жеткен. Және еш өзгеріссіз таза күйінде жетіп отыр. Сондықтан да ол халық әндері болып аталады. Олай болса асыл мұрамызды көз қарашығындай сақтап, қорғай білу ең алдымен өнерсүйер қауымның міндеті. Әңгіме тақырыбы ән туралы болған соң айта кетейін.

Соңғы жылдары Шәмші әндерінің арнайы концерттері жиі ұйымдастырылып жүр. Бұл құптарлық та, қуанарлық жәй. Дей тұрғанымен өмірден өтіп кеткен атақты сазгерлеріміз баршылық қой. Олай болса сол сазгерлеріміз туралы да неге еске алып тұрмасқа деген көпшілік арасында пікір туындауы әбден мүмкін ғой. Рас, Шәмші әндері ел аузынан түспейді. Тойларда, кештерде жиі айтылады. Әндері валс ырғағымен келгендіктен билеп те жатады. Айтуға жеңіл болғандықтан ба екен? Қазіргі жас әншілер Шәмшінің өнін жиі орындайды. Сонда бір байқағаным, әннің сөзіне көп мән беріле бермейтін сияқты. Әннің сөзіне мән берілмесе ән әсерсіз шығатыны белгілі. Шәмші әндерінің сөзін Мұхтар Шаханов, Тұман-

зіммен жеткізе білген әнші — нағыз әнші. Бұл кәсіби әншілердің басты борышы, міндеті болып саналады.

Ал, тілсіз ән жәй ыңылдаған әуен болып қала береді. Ақын өлеңдерін әнсіз де көпшілік оқып, ләззат алады. Әлбетте, сазгердің өні сөзсіз ән болып айтылмайды. Сондықтан әнді тірілтіп, тіл бітіретін, әуендетіп айтуға сөз беретін ақын өлеңі.

Мысалға, "Нурикамал" өнінің қалай дүниеге келгенінен көпшілік хабардар болар. Көңіліндегі ән әуенін еркін шығара алмай, қайта-қайта ыңылдап азапқа түсіп отырған сазгерге "Сенің айтпағың мынау емес пе" деп, ақын Ханбибі Есенғарақызы табан жолда өлең жазып берген. Оны толқытып отырған әуенімен не айтқысы келіп отырғанын ақын Ханбибі деп басқан ғой. Сөйтіп, ән әуенімен сөзі бірден үйлесім тауып, атақты "Нурикамал" өні дүниеге келген. Бұл күнде "Нурикамал" өні көпшілік сүйіп айтатын ән болып, халық арасына тез тарап кетті. Демек, ән сәтті шығуы үшін оның мәтініне аса зер сала, көңіл бөлінгені абзал.

Қазір де өннің сөзін әуезді етіп, анық айтатын Мақпал Жүнісова, Майра Ілиясова сияқты әншілерімізді айрықша ризашылықпен атағым келеді.

Сахна төрінен көрінген әрбір әншіні тыңдап, оған баға беретін де тыңдарман қауым ғой. Тіпті олар қай әншінің қандай әнді ерекше орындайтынын да жақсы біліп алған. Кейбір әндер тек бір ғана әншінің орындауында өте сәтті шығады. Мәселен, "Алтайдың ар жағынан келген ару" өнін





● РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН

Елі үшін туған

Батпаққара өңірінде көптеген өнер адамдары, қоғам қайраткерлері, тіпті ұлағатты ұстаздар да еліне елеулі қызмет жасауда. Әрине, бүгінгі күнде олардың саны да азайып, өмірден озғандары қаншама. Сол ата-ағалардың жаңа өмірдегі жалғасы ретінде Әбдісадық Баймұқанұлы туралы баршамыз біліп жүріп, сол кісінің ұстаздық өмірдегі өзіндік еңбегін бағалап, өзін қатарлас жас ұрпаққа біле жүрсін ниетпен осы мақаланы жазу перзенттік борышым деп білдім. Әбдісадық атаның өмір белестерімен таныса отырып, ол кісі жолдастыққа берік, уәдеде тұратын, айтқан сөзін орындайтын, бетің бар, жүзің бар демей, шындықты айтатын жүректі азамат болғандығына және қызметтегі жұмыс стилінің өзгешелігіне, демалуды білмейтін еңбекқорлығына, адам бойындағы мүмкіндіктерін жіті танитын, елмен тез тіл табыса білетін, берген тапсырмасын ұмытпайтын, оның орындалуын үнемі бақылайтын, өз жанын аямай бар істе де әуелі өзі үлгі бола білген тау тұлғалы азамат болғандығына қайран қалдым.

Қатал болғанымен, жөнімен, тапсырманы уақытында жауапкершілікпен орындау үшін қатаң талап қоя білген. Шындығында ол кісі ақкөңіл, әзіл-қалжыңды жақсы көретін және әзілді орынды қолдана білетін, сөзге шешен, ойы ұтқыр, жөнімен сөйлейтін болған екен. Әбдісадық Баймұқанұлы ең басты орынға адам факторын, елдің тұрмысын, әлеуметтік жағдайын, болашақ ұрпақтың тәрбиесін, білім алуын, салауатты өмір сүруін, денсаулығын басты назарда ұстаған жанашыр, қамқор ел ағасы. Осы бойындағы жақсы қасиеттерін, қызмет барысында көрсетіп, игілікті істер жасап, ел жағдайын қай салада болмасын биік белестерге көтеріп, ауыл, аудан көркін келтірген, ел қамын ойлайған қамқор өке, білікті басшы болған.

Әбдісадық ата өзінің кейінгі ұрпақтарына тәлімі мол, өшпес мұрасын қалдырған. Ол кісінің ұстаздық жолында атқарған қызметі жайында кейінгі жас ұрпақ оқып танысса олардың да осы жолда тынымсыз ерен еңбек етулеріне де Әбдіса-

дық атаның ұстаздық еңбегі күш-қуат береді деп ойлаймын. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығының еңбек сіңірген қызметкері, Қазақ ССР-і оқу ісінің үздігі, білгір басшы, ел жанашыры, өнер мен білім, спорт қамқоршысы, ұлағатты ұстаз, ел ағасы, жастар жанашыры Нұржанов Әбдісадық Баймұқанұлының өмір жолы бүгінгі және кейінгі ұрпағымызды осы жолда еңбек етулеріне нәр береді деген сенімім мол. Себебі, осындай ұлағатты ұстаздардан алған тәлім-тәрбиені, асыл қазыналарымызды жинақтау біздің абыройлы міндетіміз. Ендеше Әбдісадық атаның өмір жолы, ұстаздық жолындағы еңбектері, шығармашылығы, талай жастардың тәлім алар мол өнеге мұрасы болады деп сенемін. Қазақ халқында "Жақсының жақсылығын айт, нұрсы тасын" — дегендей, Әбдісадық Баймұқанұлының қай салада болмасын туған елінде, жерінде жауапкершілікпен атқарған адал қызметі, адамдарға жасаған жақсылығы, қамқорлығы нағыз үлгі аларлықтай бағалы да, игілікті іс. Сондықтан да, жас болсам да Әбдісадық Баймұқанұлының өмір жолы мен еңбек жолымен тереңірек таныса отырып, ол кісі жайында біреу білсе де, біреу білмес деген ниетпен, әсіресе өзім қатарлас жас ұрпаққа біліп жүрсін деп, осы жазбамды баспа бетіне ұсынуды жөн көрдім. Қорыта айтқанда, өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солай ардақтауға міндеттіміз.

Олай болса, осындай елеулі еңбек ете білген, жастар бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіре білген атам — Әбдісадық Баймұқанұлын қазіргі жас ұрпаққа танытып, дәріптей білсем, бұл менің ұстаздарды, үлкендерді құрметтеудегі басты борышым деп білемін. Бүгінде Әбдісадық Баймұқанұлы тірі болғанда 90 жасқа толар еді.

Көркем АРМАНҚЫЗЫ, Аманкелді орта мектебінің 10-сынып оқушысы.
Аманкелді ауданы.

● ОҚЫРМАН ОЙЫ

Қауіптің алдын алайық

Қазіргі уақытта адам өміріне қауіпті жағдайлар көптеп кездесіп жатады. Соның бірі — автокөліктің қатысуымен болатын оқиғалар. Бүгінде жол-көлік оқиғаларының салдарынан бүлдіршіндер мен жалындаған жастар, өмірге ұрпақ әкелетін аналар зардап шегуде. Тіпті, жекеменшік таксилердің кесірінен де қаншама адамның өмірі қиылуда. Мұндай оқиғалардың легін күнделікті ақпараттардан көріп, естіп жатырмыз. Күні кеше бүкіл елді дүрліктірген Оңтүстік Қазақстан облысында болған қайғылы жағдай жұртшылықтың қабырғасын қайыстырғаны белгілі. Өрімдей жас қызды таксишінің азаптап өлтіргені жаға ұстарлық жағдай. Әкінішке қарай, осыған ұқсас ауыр қылмыстар қатары елімізде күн санап көбеюде. Біздің Қостанай жерінде де ондай оқиғалар орын алмай жатқан жоқ. Сондықтан, бүгінгі таңда жекеменшік таксилердің азаматтар үшін қауіпті болып отырғаны жасырын емес.

Кейбір шет мемлекеттерде осындай келеңсіздіктердің алдын алу мақсатында арнаулы таксилердің сыртқы көрінісін ортақ қылу жолға қойылған. Ал, Қазақстанда арнаулы автокөліктер өте аз, көбісі жекеменшік жолаушы тасымалдайтын автокөліктер. Бірде Теміртау қаласында болып, такси шақырттым. Шақыртылған таксиде арнаулы белгі болмады және бір жағы ұрылып майысқан. Ішімнен ұрланған көлік пе екен деп те күдіктендім. Қауіп-қатердің қайдан келетінін ойламайтын жолаушылар жалған жекеменшік автокөліктерден зиян шегіп жатады. Сондықтан елімізде жолаушы таситын автокөліктерді бір жолға қоюды қарастырса игі іс болар еді. Жолға қойылса, көлеңкелі жолаушы таситын автокөліктердің саны азайып, қауіптің алдын алар едік.

Е.СЕРІКБАЕВ.

Қашар кенті,
Рудный қаласы.

● АШЫҒЫН АЙТҚАНДА

Жердегі нанды алуға арланбандар

Міне, санаулы күндерден кейін егін орағы да ақталады. Алла бұйырса, қамбамызға мол астық жиналып, ел ырыздығы молынан болар деген үміттеміз. Осы тұрғыда бір айта кетер жайт, "нан болса, ән де болады" деген нанымды нақыл сөздің аса мәнділігі хақында болып отыр. Аталмыш пікір-нақылды өткен кеңес дәуіріндегі басшылар айтқан екен дегенді көп оқып, естіп өстік. Бүгінде оның шындыққа жанаспайтынына көзіміз әбден жетті. Бұл байырғы қазақтың үйреншікті, жаттанды, пікір-нақылы. Яғни, бабаларымыздың бізге қалдырған өсиет-ойы. Нан тұрасында қанша айтсақ та, жазсақ та артық болмас...

Наннан қасиетті не бар екен жер бетінде. Жұмыр басты пенденің бәрі нанды қастерлеп, оның ысырап болмауын тілейді. Солай десек те, кейде жұрттың бәрі бірдей сол бір өмірдің, тіршіліктің тірегі — адамзат бойына алтын арқау болып отырған нанның қадірін толық сезіне бермейтініне көзіміз жетіп, көңіліміз құлазып, обалын сол түйсіксіз жандармен қоса көтере-тіндей күй кешетініміздің несін жасырайық.

"Алтын-күміс тас екен, арпа-бидай ас екен" деген қанатты сөздердің туындауына да тіршіліктің қиын сәттерінің түрткі болғаны белгілі. Біз нан қасиеті жайлы үлгі болар сөзді мың сан қайталасақ та көп болмас дейміз. Діни уағызға жүгінер болсақ, онда да биіктегі нанды құранға шығып тұрып алуға болғанымен, керісінше істеуге болмайтынын айтады. Ал қазір жан-жағымызға жіті қарап көрелікші. Әрбір үйден бір күн ішінде құл-қоқысқа ілесіп кететін нан қаншама десеңізші. Қатып қалған, шикі, тістелген, тағы сол сияқты ондаған сылтау, нанды лақтырып тастауға тітіркенбеуімізге себепші болады. Ал енді жолға шыға қалған жағдайда автобус, поезд, самолет сияқты көліктердің аз мерзімге аялдағанын пайдаланып, жеңіл ғана түрде тамақтанып алу үшін жолаушылар жаппай бұфетке жүгіреді. Осы сәтте олар бірер стақан қаймақ немесе шырын мен нан алатыны анық. Нанды, әрине, кесіп жату сатушылардың уақытын алатын болар, сол себептен бір адам болса да, үш адам болса да үлкен бір тоқаш нан алады. Ал, бір кісінің көлемді тоқашты түгелдей жеп кетпесі анық. Шеті

үзілген тоқаштың 80-90 пайызы тағы да сол "жуындымен" кетеді.

Әрине, кейбір ауылды жерлерде қалған нан өз орнына кетіп жатады, яғни кептіріп, не болмаса майға шығғырып жейді, тіпті болмаса малға береді, әйтеуір аяққа тапталмайды. Бұл тұрғыдан алсақ, үлкендердің ақыл-кеңесі орасан зор рөл атқарса керек. Мектеп қабырғасында жүрген шақтағы мына бір жайды еріксіз еске аламын. Ұлы Отан соғысына қатынасқан, өмірдің ащы-тұщысын татқан тәжірибелі бір ұстаз ағайымыз сабақ үстінде нанның қасиетін ұзақ уақыт сөз ете келе: "Қазір баршылық қой, ел тоқ, уайым жоқ кезеңде нанның кей-кейде аяқ астында жатуы орынсыз ба деймін, шамасы барында батып іш дегенге сыйдырады ғой", — деп еді. Осы бір қадірлі ұстазымның аузынан шыққан сөзі мені ұзақ уақыт толғанып жүрді. Сөби шағынан осы астың қадірін сіңіруге машықтанған балаң көңіл, дегенмен бұл "тапқырлықты" жөнсіз санағаны да рас.

Иә, нан тұрасында талай мақал-мәтелдер, әңгіме, ертегілер, дастан-жырлар байырғы заманнан бүгінгі күнге дейін айтылып, жазылып келеді, әрі солай жалғаса берері де күмәнсіз. Біреу андаусызда нанды басып кеткені үшін өзін-өзі құрбан қылыпты-мыс десе, енді бірі өз қолынан жапан далаға түсіріп алған нан қиқымын аяққа бастырмау мақсатымен қамалға бергісіз қорша салдырыпты-мыс дейді. Бұлар, әрине, аңыз. Дегенмен, нан тұрғысында айтылғандықтан сенбеске амал жоқ. Өйткені, ас біткеннің ішіндегі аса бағалысы болып табылатын нан үшін бөріні істеуге болады.

Осы бір тұста талантты ақын, досым, марқұм Қасқырбай Торғаевтың өмірінен мынадай бір үзінді келтіре кетуге тура келіп тұр. Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқып жүрген шағы екен. Бірде достарымен жатақханаға кіріп бара жатып, титтей ғана тістелген, май жағылған нанды жерден көтеріп алса керек. Достары оған аң-таң болып мінезді жігіт ісінің артын бағады. Ол нанды өз бөлмесіне алып келіп, жазу столы үстіне қояды да, қағаз-

қаламын алып, жаңағы нанға қарап қойып, өлең жолдарын ақ қағазға маржандай жазулармен түсіре бастаса керек:

"Бір шеті сары майға
батырылған,
Тістелген жатыр ақ нан
жапырылған.
Құдай-ау, обалсынбай
қалай ғана,
Тастаған жұрдай жан-ау,
ақыл-ардан.
Мен алдым, ешкім жерден
көтермеді,
Көрген жан, бөлкім,
күлкі етер мені.
Ақ нанды шаңға аунатқан
сол бір жанды,
Өмірлік ашықтырып өтер ме еді?
Бір кезде үзім нанға зар
болған бар,
Нан үшін байға құл боп
жалданған бар.
Диқанның бағаландар
мандай терін,
Жердегі нанды
алуға арланбандар!"

Осы бір кейбір ұрандарға бергісіз жүрежарды өлең шумақтары достарына қатты ұнайды. Иә, ақын шабыты сыйға тартқан осынау жыр жолдары баршамыздың жүрегімізге төте жол тауып тұрғанын мойындаймыз, әрі нан қадірін Қасқырбайша ұғынуға ұмтыламыз.

Бала кезімізде үлкендерден "Нанды тастама, кепіеті соғады" деген сөздерді көп еститін едік. Бірақ "тастаманы" түсінсек те, "кепие" дегеннің не екенін білмейтінбіз. Енді оның мәнін басқаға ұғындыруға тырысамыз. Нанның обалына қалып жүрген кейбір наубайханалардың назарына айтылар өкпеміз де көп. Себебі, олар 1-2 тоқаш емес, тонна-тонна нанды 10-15-ақ минут уақыт ішінде іске алғысыз етеді. Оның басты себебі, шикі болуы, ал шикі болуының себебі, наубайхана жұмысшыларының өз істеріне жауапсыз қарауы деп ойлаймыз. Қасиеті үстем нанның аяқасты болуына жол бермейік, ағайын. Бұл тұрғыдан балалар мен жастарға үлгі болуға тырысайық. Нан ешқашан жерде жатпасын, ал жатқан күнде, жердегі нанды алуға арланбайық.

Тоғайбай БАБЫР.



СПОРТ САҢЛАҚТАРЫ

Асық ойнаған озды

Әлібек
ЫБЫРАЙ

Асық ату – халқымыздың көнеден келе жатқан ұлттық ойындарының бірі. Бұл ойын бертінге дейін ауыл-үйдің арасынан ұзай алмағаны белгілі. Тек, соңғы жылдары ғана еңсе тіктеп, қанатын кеңге жая бастады. Әсіресе, Қостанай сияқты еліміздің солтүстік өңірлерінде кен-желеп қалған ұлттық спорт түрі қарқынды дамығаны сондай, жерлестеріміз елішілік чемпионаттарда жылда көш басынан көрініп жүр. Тобыл төсінде тоғыз-құмалақ, асық ату тәрізді қазақы ойындардың жандануына бірден-бір себепші болған Кәрішал Какашев сынды жана-шыр жандардың арқасында Қостанай асықшыларына өзгелер шекеден қарамайтын болды.

Жуырда Тараз қаласында асық атудан жастар арасында 2-ші Қазақстан чемпионаты болып өтті. Оған Қызылорда, Шымкент, Астана, Қостанай сынды алты қаладан барған команда қатысты. Үш күнге ұласқан біріншілікте жерлестеріміз сәтті өнер көрсетіп, командалық есепте жүлделі екінші орынды жеңіп алды.

Естеріңізге сала кетейік, өткен жылы тұңғыш рет ұйымдастырылған ел чемпионатында қоста-



найлық үшінші орын алған болатын. Биылғы нәтиже одан көп тәуір. Біздің асық атушылар алаң иелерімен 2:2 есебімен тең ойнады. Дегенмен, қосымша нәтижелердің қорытындысы бойынша тараздық спортшылар жеңіс тұғырына көтерілді.

– Біздің спортшылар жаман өнер көрсеткен жоқ. Ерлер арасындағы "Бес табан" ойынында жүлделі орын ала алмағанмен, өзгелермен иық теңестіре өнер көрсетті. Ал, қыздар арасында жекелей сында Назерке Серкебаева жүлделі бірінші орынды жеңіп алып, Қазақстан чемпионы атанды. Назерке – Қашар орта мектебінің 10-шы сыныбында оқиды. Өте талантты спортшы. Ол

"бес тас" ойынында ешкімге дес берген жоқ, – деді ҚР асық ату федерациясы облыстық филиалының төрағасы Кәрішал Какашев.

Рас, қанша жерден өзге ұлты басым, ұлттық спорт түрлері қалыс қалып жатыр дегенмен, қостанайлықтар қай жарысыңызда да оңай ұпай ұстата салмайды. Соңғы төрт-бес жылда беделі артып келе жатқан асық ойынының көрсеткіштері міне, осы сөзіміздің жарқын көрінісі.

Жалпы, асық ойыны жас талғамайды. Оны жастармен қоса үлкен кісілер де ойнай береді. Мәселен, спорттың осы түрінен облыс

құрамасының белді мүшесі Мұхтар Ахметов жақында Қырғызстан астанасында өткен бүкіләлемдік көшпенділер ойындарына қатысып қайтты. Мұхтар жеке кәсіпкер болғанымен асық ату сияқты қазақтың ежелден келе жатқан спорттық ойындарын дамытуға айрықша үлес қосып жүрген жан. Алдағы уақытта арамыздан Мұхтар тәрізді спорт жанашырлары көптеп шығып жатса, Қостанайдағы ұлттық спорттың асығы алшысынан түсері сөзсіз.

СУРЕТТЕ: Асық атудан Қазақстан чемпионы Назерке Серкебаева.

Облыс орталығында 1 қазан күні өтетін
Қарттар күніне арналған іс-шаралар жоспары

№	Күні	Уақыты	Өтетін орны	Іс-шара
1	1 қазан	Сағат 10-00	Қалалық балалар шығармашылығы мектебі	ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және Қостанай облысының құрылғанына 80 жыл толуына арналған көрме. КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМА.
2	1 қазан	Сағат 9-00	Сити-Орталықта, 8,9 шағынаудандар аралығында Арыстанбеков көшесінің бойында және КСК ауданы Герцен-Текстильщиктер көшелері қиылысында ("Жастар" бульварының кіре берісі)	Ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі
3	1 қазан		Моншалар, шашатараздар, сұлулық салондары	Қызметке жеңілдіктер (кестені қараңыздар)
4	1 қазан		Қалалық қоғамдық көлік	Тегін жүру
5	1-10 қазан		Қала емханалары	Ашық есік күні

Қарттар күніндегі қалалық моншалар, шашатараздар және
сұлулық салондарының жұмыс кестесі

№	Атауы	Мекенжайы	Жұмыс кестесі	Ескерту
Моншалар				
1	№6 монша	Гагарин көш., 78	01.10.2016 ж.	500 теңге
2	"Самал"ЖШС	Чехов көш., 105	31.09.2016 г.	(56-78-84 немірі бойынша білуге болады)
3	"Олимп" моншасы КСК	Қайырбеков көш., 379 а	30.10.2016 ж. Сағ. 12-ден	тегін
4	№4 Ленинградская	Ленинградская көш., 28	01.10.2016 ж.	500 теңге
Шашатараздар және сұлулық салондары				
1	"Бриз"	Көбеев көш., 23	Күні бойы	600 теңге
2	"Взгляд"	Әл-Фараби д-лы, 93	Күні бойы	20%
3	"МИЛЕДИ"	9 ш.а., 3 үй	Күні бойы	20%
4	"Раиса"	Победа көш., 60	Күні бойы	800 теңге
5	"ЭДЕМ"	Әл-Фараби д-лы, 91-10	Күні бойы	800 теңге
6	"ЛЮКС"	Чкалов көш., 10-69	Күні бойы	800 теңге
7	"ИВА"	8 ш.а., 12 үй, 46п.	Күні бойы	50% (тек шаш қидыру)
8	"ШАРМ"	Чкалов көш., 7	Күні бойы	700 теңге (тек шаш қидыру)
9	"Для Тебя"	Пушкин көш., 54	Күні бойы	600 теңге
10	"Силуэт-Сымбат"	Баймағамбетов көш., 156	Күні бойы	700 теңге, мүгедектер, ҰОС ардагерлері - тегін
11	"№ 8 шашатараз"	Гоголь көш., 67	Күні бойы	600 теңге, ардагерлер - тегін
12	"Сулу"	9 ш.а., 14 үй	Күні бойы	600 теңге
13	"Майами"	Гоголь көш., 67	Күні бойы	700 теңге (тек шаш қидыру)
14	"Etoile"	Майлин көш., 41	Күні бойы	500 теңге
15	"Инь-Янь"	Воинов-интернац. көш., 2	Күні бойы	1000 теңге
16	"Орхидея"	Баймағамбетов көш., 8	Күні бойы	10%

"Әкімдіктің 2016 жылғы 11 шілдедегі №337 "Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің қаулы жобасы www.upp@kostanay.gov.kz сайтында орналастырылған.

Проект постановления акимата Костанайской области "О внесении изменений в постановление акимата от 11 июля 2016 года №337 "06 утверждении регламентов государственных услуг в сфере предпринимательства" размещен на сайте www.upp@kostanay.gov.kz

ҚҰТТЫҚТАУ

Құттықтаймыз –
1 жас!

Арқалық қаласының кішкентай тұрғыны **Нұрислам Олжасұлы Төлегенді** 27 қыркүйек күні 1 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймын. Саған тілерім – қыран болып самғап, алыстарды көздеп, биіктерді бағындыратын үлкен азамат бол, өмір жолы сені ешқашан адастырмай, әр басқан қадамыңа Алланың нұры жаусын деймін. Және де қасқырдың қайратын, арыстанның айбатын, жылқының сақтығын, бүркіттің қырағылығын тілеймін.

Демейік несібе-құт төмамдалды, Бар бақыт осы күннен басталмас па, Жар болып Хақ Тағалам саған мәңгі, Әрқашан тола берші жастан-жасқа.

Айта берсек тілек көп таусылмайтын, Жаза берсек, қалам көп майыспайтын. Жүректегі тілекті өлеңменен, Жеткіземін мен саған шын көңілмен!



Ізгі тілекпен Жұлдыз.

ЕСКЕ АЛУ

Жан ана, мәңгі тірісің

Әулиекең ауданы, Новоселов ауылының тұрғыны, аса қымбатты да асыл ана **Гүлбике Жолмағанбетқызының** бұл фәни дүниемен қош айтысқанына 2 қазанда – 20 жыл. Анамыз ұл-қыздарын өсіріп, өзінің емшілік қасиетімен елдің құрметіне бөленген жан еді. Амал қанша, аяулы анамыз жайлы енді тек көзкөрген адамдардың айтқан жылы лебіздерін көңілге медеу тұтамыз. Жүрегі кең, жаны ізгі анамызды сағынышпен еске ала отырып, жатқан жерің жарық, топырағың торқа, иманың жолдас болсын, асыл ана, демекпіз.

Жан ана, аңсап жүрмін күнде өзінді, "Балам" деген бал тәтті жыр сөзінді. Арманның қиялымен көлем ана, Қайта көрсем екен деп өзіңізді.

Мен тірінде білмеппін қадіріңді, Жылына бір көреміз қабіріңді. Қайта Алла ортаға төгер ме еді, Аналық ақ жүректі жарығыңды.

Ей, адамзат, қадірле анаң болса, Зор бақыт бірге жүріп аман болса. Анадан бар жылулық табылады, Қуанып, қиналғаннан жаның тонса. Жылатпа, сызат салма жүрегіне, Қарсы тұрма, екі етпе тілегін де. Ананды аялап өт жылатпағын, Мәңгі жұмақ кілті бар жүрегіңде.

Қадірле, аялап өт анаң болса, Өмірдің жылуы жоқ анаң солса. Өтсе ол дүниеден мәңгілікке, Ұмытпа, құран оқыт, жаның болса.



Балалары, немерелері.

Қостанай қаласының координаттарына сәйкес
қазан айына намаз уақыттарының кестесі
Милади 2016 жыл - хиджри 1438 жыл

қазан	Апта күндері	Таң намазы	Күннің шығуы	Бесін намазы	Екінді намазы	Ақшам намазы	Құптан намазы
1	Сенбі	06:12	07:47	13:36	17:25	19:25	20:52
2	Жексенбі	06:14	07:49	13:36	17:23	19:23	20:50
3	Дүйсенбі	06:15	07:51	13:36	17:21	19:20	20:47
4	Сейсенбі	06:17	07:52	13:35	17:18	19:18	20:45
5	Сәрсенбі	06:19	07:54	13:35	17:16	19:16	20:43
6	Бейсенбі	06:21	07:56	13:35	17:14	19:13	20:40
7	Жұма	06:23	07:58	13:34	17:12	19:11	20:38
8	Сенбі	06:25	08:00	13:34	17:10	19:08	20:35
9	Жексенбі	06:26	08:01	13:34	17:08	19:06	20:33
10	Дүйсенбі	06:28	08:03	13:34	17:06	19:04	20:31
11	Сейсенбі	06:30	08:05	13:33	17:04	19:01	20:28
12	Сәрсенбі	06:32	08:07	13:33	17:02	18:59	20:26
13	Бейсенбі	06:33	08:09	13:33	17:00	18:57	20:24
14	Жұма	06:35	08:10	13:33	16:58	18:55	20:22
15	Сенбі	06:37	08:12	13:32	16:55	18:52	20:19
16	Жексенбі	06:39	08:14	13:32	16:53	18:50	20:17
17	Дүйсенбі	06:40	08:16	13:32	16:51	18:48	20:15
18	Сейсенбі	06:42	08:18	13:32	16:49	18:46	20:13
19	Сәрсенбі	06:44	08:20	13:32	16:47	18:43	20:10
20	Бейсенбі	06:46	08:21	13:31	16:45	18:41	20:08
21	Жұма	06:47	08:23	13:31	16:43	18:39	20:06
22	Сенбі	06:49	08:25	13:31	16:41	18:37	20:04
23	Жексенбі	06:51	08:27	13:31	16:39	18:35	20:02
24	Дүйсенбі	06:53	08:29	13:31	16:37	18:33	20:00
25	Сейсенбі	06:54	08:31	13:31	16:35	18:31	19:58
26	Сәрсенбі	06:56	08:33	13:31	16:34	18:28	19:55
27	Бейсенбі	06:58	08:35	13:30	16:32	18:26	19:53
28	Жұма	06:59	08:36	13:30	16:30	18:24	19:51
29	Сенбі	07:01	08:38	13:30	16:28	18:22	19:49
30	Жексенбі	07:03	08:40	13:30	16:26	18:20	19:47
31	Дүйсенбі	07:04	08:42	13:30	16:24	18:18	19:45
октябрь	Дни недели	Намаз Фаджр	Восход Солнца	Намаз Зухр	Намаз Аср	Намаз Магриб	Намаз Иша

1-қазан – 1-мұхаррам хиджри жыл санаудың басы

Ескерту: Діни мақалалар мен видео, аудио уағыздарды, намаз оқып үйрену үлгісін, әлемдік, ел және аймақ жаңалықтары мен намаз уақыттары жайлы қосымша мағлұматтарды қазақ әрі орыс тілдерінде **akmechet.kz** - Қостанай облыстық "Марал ишан" мешітінің ресми сайтынан көре аласыз. Құрметті мұсылман бауырлар мен қарындастар! **akmechet.kz** сайтымызға кіру арқылы дініміздің таралуына өз үлестеріңізді қосыңыздар!



«Тобыл-Торғай әуендері» әуеледі

Алматыдағы Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Қазақстан композиторлар одағының мүшесі, Қостанай облысы, Аманкелді ауданының құрметті азаматы, әнші-композитор Қалибек Деріпсалдиннің «Тобыл-Торғай әуендері» атты авторлық кеші өтті.

Кеш Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына, сондай-ақ Торғайдағы ұлт-азаттық қозғалысының 100, Қостанай қаласының 80, Арқалық қаласының 60 жылдығына арналып, Қостанай қаласы әкімдігінің қолдауымен өткізілді.

Концертте композитордың «Қос-

танай туралы ән», «Қайдасың, аңсағаным?», «Сен мені түсінесің бе?», «Аяулы жан аға», «Тобыл таңы», «Жихан шапағат», «Әке арманы», «Қимадан ба едің, қалқатай?», «Сағыныш сазы», «Айлы түнде» және т.б. әндерін өнер сүйер қауым зор қошеметпен тыңдады. Сонымен қатар халық композиторлары Әбілахат Еспаев, Бақытжан Байқадамовтың лирикалық әндерімен қатар Б.Сәуекенов, Б.Хамзин, Б.Мұқашев, Қ.Мақанов, Т.Сейдахметовтың шығармалары орындалды. Концертте белгілі әншілер – Досымжан Таңатаров, Есет Сәдуақасов, Сүлеймен Ибрагимов, Ғазиза Жүмекенова, Гүлмира Сарина, Жанатбек Қадіров, Нұрболат

Арзамасұлы және т.б. өнер көрсетті.

Өнер иесін Мемлекет және қоғам қайраткері, бұрынғы Сенат депутаты Аманжол Сейітжанов құттықтап, иығына шапан жапты. ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Композиторлар одағының мүшесі Ермұрат Үсенов өзінің жүрекжарды лебізін білдіріп, соңғы үлгідегі ұялы телефонды сыйға тартты. «Қазақ газеттері» ЖШС-інің Бас директоры, жазушы Жұмабек Кенжалин, Ләйлә Молдағалиқызы ізгі тілектерін арнады.

Қалибек Деріпсалдин өз сөзінде концерттің өтуіне қолдау көрсеткендерге өз ризашылығын білдіріп, алғыс айтты.

Сурет – тарих, сурет – уақыт уысынан суырып алынған «тірі» секундтар. Олай болса, сізге өмірдің ең ерекше сәттерін жұртпен бөлісудің тамаша мүмкіндігі туды!

«Қостанай таңы» газеті оқырмандар арасында «Ауылым – менің жұмағым» атты фотобайқауын жариялаған болатын. Мақсат – жайдары жаздың ең ерекше де көркем көріністерін кадрға іліктірген үздік авторды анықтау. Газетімізге де, ресми сайтымызға да хабарландыру берілгендей, байқауға қатысуға ниет білдірушілерге шектеу қойылмайды.



«Ауылым – менің жұмағым» атты фотобайқау жайында естіген соң жеке қоржынымдағы тақырыпқа сай фотоларды сіздерге жолдауды жөн көрдім. Мұнда Жанкелдин ауылдарымен қатар Қостанайға жақын жатқан Глазуновка, Семеновка сынды елді мекендердің тыныс-тіршілігі көрініс тапқан. Бақылаушылар тарапынан бағаланып, көпшілікке ұнап жатса мен үшін зор жетістік болар еді деп санаймын.

Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ,
студент.

«АУЫЛЫМ – МЕНІҢ ЖҰМАҒЫМ!»

«Қостанай таңы» газетінің фотобайқауы



Жасқа да, жасамысқа да, кәсіби шеберге де, әуесқой фотошыға да шарт біреу – талғамды, тосын, жанды суреттер іріктеуге түседі. Ендеше, құрметті оқырман, редакциямыз тағайындаған жүлденің лайықты иегері боламын десеңіз, белсенділік танытыңыз!

Жолдаған фотоларыңыз газет бетінде жарық көріп, сайтымызда да ұдайы көрініс тауып отыратын болады.

Ескерте кетейік, суреттеріңізді Kostanaytany@mail.ru немесе Kt-fan@mail.ru электронды мекенжайларына жолдауыңызға, сондай-ақ 54-84-44, 57-67-65 нөмірлерімен байланысуыңызға болады. Жұмыстар 1-қазанға дейін қабылданады.



Меншік иесі:

«Қостанай таңы» газеті
редакциясы» ЖШС

Директор-Бас редактор
ЖАНҰЗАҚ
АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау
бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69.

Директор-бас редактордың

орынбасары: 54-84-44.

Жауапты хатшы: 54-67-65.

Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42.

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36.

Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42.

Социологиялық зерттеу орталығы:

54-53-21, 39-26-25.

Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88, 54-33-22.



Бухгалтерия:
54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы:
54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның
мекенжайы:

110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. «Қостанай таңында» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген.

Газет «Қостанай таңының» компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. «Қостанайполиграфия» ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.